ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ЗАҢ ИНСТИТУТЫ

***М. А. ҚЫЗЫЛОВ***

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТІ СЫЗБАЛАР АЛЬБОМЫ

ҚАРАҒАНДЫ
2010

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ**
**ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ**

***Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды заң институты***

***М. А. Қызылов***

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТІ
*сызбалар альбомы*

**2-басылым өңделіп толықтырылған**

**ҚАРАҒАНДЫ**
**2010**

**Пікір жазғандар**

Қазақстан Республикасы ІІМ Семей заң колледжі бастығының орынбасары, заң ғылымдарының докторы, полиция полковнигі ***О. Қ. Бектасов***

Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды заң институтының әкімшілік құқық және ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі кафедрасының доценті, з.ғ.к., полиция подполковнигі ***Е. Т. Абеуов***

***Қызылов М. А.***

Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі. Сызбалар альбомы. Қарағанды: ҚР ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды заң институты, 2-басылым. 2010. — 190-бет.

Бұл оқу құралында ҚР ІІМ оқу орындарында оқытылатын «Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі» пәнінің Жалпы бөліміне арналған жұмыс оқу бағдарламасына сәйкес жаңа заңдар мен ішкі істер органдарының құрылымындағы өзгерістері ескеріліп, сонымен қатар олардың қызметіне байланысты өзгерістер мен әкімшілік қызметінің құқықтық және ұйымдық негіздері қарастырылады. Осы пәнді оқып-үйрену процесінде тыңдаушылар меңгерген білімдері бойынша емтихан мен сынаққа дайындалу үшін аз уақыт ішінде пәннің негізгі ұғымдары, белгілері мен ерекшеліктері жөнінде білімдерін жүйелеп және нақтылау үшін, сонымен бірген емтихан сұрақтары бойынша дайындалуға көмегін тигізеді.

**© Қызылов М. А., 2010**

# ЖАЛПЫ БӨЛІМ

# І-ТАРАУ. ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТІ КУРСЫНА КІРІСПЕ

## *1-тақырып. Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі түсінігі және пәні*

Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі жәй немесе ерекше жағдйда қылмыспен күрес, қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы басқаруды оқытатын арнайы заңгерлік пән

Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі курсында мыналар оқытылады:

- Мемлекеттің ішкі істерін басқарудың мазмұны мен ерек-шеліктері
- ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінің мазмұны мен қағидалары, міндеттері, ұйымдастырылуы, бағыттары, субъектілері
- ішкі істер саласындағы қоғамдық қатынастар
- ішкі істер саласындағы басқарудың елеулі объектісі қоғамдың тәртіптің мәні
- ішкі істер органдарының (полицияның) әкімшілік қызметінің мазмұны, нысандары және тәсілдері
- ішкі істер органдарының әкімшілік қызметін реттейтін әкімшілік құқық нормалары

***Курстың мақсатты бағыты*** — тыңдаушылар мен курсанттарды Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметін іске асыруға дайындау, оларды кәсіби қызмет міндеттерін орындау үшін білімділікке, білгірлікке және шеберлікке үйрету

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ӘКІМШІЛІК ҚЫМЕТІ КУРСЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

**ІШКІ ІСТЕР САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІНДЕ МЫНАЛАР ОҚЫТЫЛАДЫ:**

- ІІО әкімшілік қызметін ұйымдастыру және оның мазмұны;
- ІІО Әкімшілік қызметінің нысандары мен әдістерінің тиімділігін арттыру жолдары

ІІО озық тәжірибелерін үйрену және тарату

Құқық бұзушылықпен күрес, қоғамдық тәртіпті сақтау жєне қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ұйымдастырудың және кәсіби тәжірибелерді жетілдіру

Тыңдаушыларға қоғамдық тәртіпті сақтау кезінде лауазымдық міндеттерді орындау іскерлігінің әділеттілігін және өздерінің қызметінде әкімшілік құқық нормаларды талдау мен қолдануға үйрету

Тыңдаушыларға ішкі істер органдарының құқықтық негіздерін оқыту (құқықтық, ұйымдық, тактикалық)

Тыңдаушыларды ІІО құқықтық және ұйымдық құрылымдарымен таныстыру

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТІ КУРСЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ

## ЖАЛПЫ БӨЛІМ

- ІІО әкімшілік қызметі курсына кіріспе
- ІІО құқықтық жағдайы және ұйымдық құрылымы
- ІІО-да қызмет атқару
- ІІО жалпы басқару қызметін атқаратын буындардың құқықтық жағдайы және ұйымдық құрылымы
- ІІО материалдық және қаржы бөлімдерінің құқықтық жағдайы және ұйымдық құрылымы
- Полицияның құқықтық жағдайы және ұйымдық құрылымы
- Полицияның әкімшілік қызметінің мазмұны
- Құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы

## ЕРЕКШЕ БӨЛІМ

- Ішкі істер органының қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін қызметтері
- Қоғамдық тәртіп, қоғамдық қауіпсіздік, экономикаға және басқа да салалардағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды ішкі істер органдарының алдын алуы және ізін кесуі
- ішкі істер органдары әкімшілік қызметінің жүйелі-салалық аппараттары мен қызметтері
- Жол полициясы
- Көліктегі ішкі істер қызметі
- ішкі істер органдарындағы күзет қызметі
- Төтенше жағдайлар кезінде қоғамдық тәртіпті сақтау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТІ КУРСЫНЫҢ ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ

## НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР

- ҚР Конституциясы
- Конституциялық заңдар, кодекстер, заңдар
- ҚР Пезидентінің Конституциялық Заң күші бар Жарлықтары; Заң күші бар Жарлықтары және өзге де нормативтік құқықтық Жарлықтары
- ҚР Парламентінің нормативтік қаулылары
- ҚР Конституциялық Кеңесінің, Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары
- ҚР Үкіметінің нормативтік қаулылары
- Ішкі істер министрлігінің бұйрықтары, нұсқаулары, шешімдері

## ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК

- Оқулықтар
- Дәрістер
- Курс бағдарламасы
- Әдістемелік нұсқаулар
- Оқулық бейне-кинофильмдер
- Компьютерлік оқу және оның бағдарламалары

## ОҚУ-ТӘЖІРИБЕЛІК ҚҰРАЛДАР

- ішкі істер органдарының және әкімшілік полиция қызметтерінің озык тәжірибелері
- ішкі істер органдарының әкімшілік қызмет тәжірибесінің статистикалық және аналитикалық материалдары

## *2-тақырып. Ішкі істерді басқару және оның мазмұны мен ерекшеліктері*

**МЕМЛЕКЕТТІҢ ІШКІ ІСТЕР САЛАСЫ ӨЗ АЛДЫНА ҚОҒАМДЫҚ ҚАТЫНАСТÀРДЫҢ КҮРДЕЛІ ТОПТАРЫН ҚАМТИДЫ. ОЛАРҒА МЫНАЛАР ЖАТАДЫ:**

- Азаматтардың құқықтарына, бостандықтарына, қоғамға, мемлекетке және басқа да құқыққа қарсы қол сұғудан қорғау
- Қылмысты және басқа да құқық бұзушылықты ескерту, табу, жолын кесу
- Жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету
- Лицензия – рұқсат беру жүйесін және төлқұжат жұмысын жүзеге асыру
- Жедел-іздестіру қызметін, анықтау және тергеу жүргізу
- Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың республика аумағында болу ережелерін қамтамасыз ету
- Меншіктің барлық түрлерін қорғау
- Азаматтық және қызметтік қаруды және оның оқ-дәрілерін мемлекеттік бақылау

# ІШКІ ІСТЕР САЛАСЫНДАҒЫ БАСҚАРУДЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ

**НЕГІЗГІ МАҚСАТ БОЛЫП МЫНАЛАР САНАЛАДЫ:**

Еліміздегі құқықтық тәртіпті және заңдылықты, азаматтардың, мекеме, кәсіпорын және ұйымдардың бостандықтары мен құқықтарын, заңды мүдделерін қамтамасыз ету

**БҰЛ МАҚСАТ**

қоғамдық тәртіпті қорғау және қылмыстылықпен күрес, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, меншіктің барлық түрін қорғау, сотталғандарды түзету және тәрбиелеу ісінде танылады

# ІШКІ ІСТЕРДІ БАСҚАРУ ҚЫЗМЕТТЕРІ



# ІШКІ ІСТЕРДІ БАСҚАРУ ТҮСІНІГІ

**ІШКІ ІСТЕРДІ БАСҚАРУ**

БҰЛ МЕМЛЕКЕТТІҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚЫЗМЕТТЕРІН ІШКІ ІСТЕР САЛАСЫНДА ІС ЖҮЗІНДЕ ОРЫНДАУДА МАҚСАТТЫ БАҒЫТТАЛҒАН, ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН, ӨКІЛЕТТІ БАСҚАРУ СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ АТҚАРУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ӨКІМ ЕТУШІЛІК ҚЫЗМЕТІ

# МЕМЛЕКЕТТІҢ ІШКІ ІСТЕР САЛАСЫНДАҒЫ ӨКІЛЕТТІГІНІҢ ШЕҢБЕРІ

**ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

**ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ЗАҢДЫ МҮДДЕЛЕРІН ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАН ҚОРҒАУ**

**ҚЫЛМЫСПЕН КҮРЕСУ**

**ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТТІ ІСКЕ АСЫРУ**

**ЖЕДЕЛ-ІЗДЕСТІРУ ҚЫЗМЕТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ**

**АНЫҚТАМА ЖӘНЕ ТЕРГЕУ ЖҮРГІЗУ**

**ӘКІМШІЛІК ЖАЗАЛАУ ШАРАЛАРЫН ОРЫНДАУ**

**МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ОБЪЕКТІЛЕРДІ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫ ҚОРҒАУ**

# МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫҢ ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАРЫ

**Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу және сақтау**

**Ұлттық теңдік**

**Халықтың еркіндігін есепке алу**

**Демократия (мемлекет басқаруға азаматтардың қатысуы)**

**Заңдылық**

**Адамгершілік**

**Жалпымемлекеттік және жергілікті мүдделердің үйлесімділігі**

**Басқарудың жария және құпия жолдарының үйлесім табуы**

**Ғылымдылық**

# ІШКІ ІСТЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ ЖҮЙЕСІ (ЖҮЙЕНІҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІ)

**БАСҚАРУ СУБЪЕКТІСІ**

Белгіленген өкілеттілікті иеленген мемлекеттік органдар және олардың лауазымды адамдары, ішкі істерді басқару қызметтерінің арнайы құқықтарын иеленген қоғамдық ұйымдар мен олардың өкілдері, қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын адамдар

**БАСҚАРУ СУБЪЕКТІСІ**

Азаматтар, топтар, адамдар ұжымы, мемлекеттік органдар және олардың қызметкерлері, қоғамдық ұйымдар және олардың қызметкерлері (өкілдері)

**ТУРА БАЙЛАНЫС**

Басқару субъектісінен шығатын өкімдік сипаты бар ақпараттар және оларды орындауға міндетті топтар

**КЕРІ БАЙЛАНЫС**

Басқару объектісінен келіп түсетін, оның жағдайын сипаттайтын басқару субъектісі топтарының орындалғаны

# ІШКІ ІСТЕР САЛАСЫНДАҒЫ БАСҚАРУ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК-САЯСИ ҚЫЗМЕТ ШЕҢБЕРІНДЕГІ ОРНЫ



# ІШКІ ІСТЕР САЛАСЫНА ҚАТЫСЫ БАР МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІК ЖӘНЕ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ӨКІЛЕТТІЛІГІ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ**

Республиканың демократиялық институттарына, оның тәуелсіздігі мен аумақтақ тұтастығына, саяси тұрақтылығына, азаматтардың қауіпсіздігіне елеулі және тікелей қатер төнген ретте Қазақстанның бүкіл аумағына және оның жекелеген жерлерінде төтенше жағдай енгізеді

***Конституция және заңдар негізінде және оларды орындау үшін республиканың бүкіл аумағында міндетті күші бар жарлықтар мен үкімдер шығарады***

Елімізде қылмыстылыққа қарсы күрес жүргізуді тікелей басқарады

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІНІҢ ӨКІЛЕТТІЛІГІ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПАРЛАМЕНТІ**

***Аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін заңдар шығарады***

Республика аумағында төтенше немесе соғыс жағдайында мәселерді негізді шешеді

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ӨКІЛЕТТІЛІГІ



# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРОРЫНЫҢ ӨКІЛЕТТІЛІГІ

**РЕСПУБЛИКА АУМАҒЫНДА ЗАҢДАР МЕН ПРЕЗИДЕНТ ЖАРЛЫҚТАРЫНЫҢ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМАТИВТІК АКТІЛЕРДІҢ ОРЫНДАЛУЫН ҚАДАҒАЛАЙДЫ**

**КОНСТИТУЦИЯҒА ЖӘНЕ РЕСПУБЛИКА ЗАҢДАРЫНА ҚАЙШЫ КЕЛЕТІН ЗАҢДАР МЕН БАСҚА ДА ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІ ҚАБЫЛДАҒАН ОРГАНДАРҒА ЖӘНЕ ЛАУАЗЫМ ИЕЛЕРІНЕ НАЗАРЫЛЫҚ БІЛДІРЕДІ**

**ЗАҢМЕН БЕЛГІЛЕНГЕН БАСҚА ӨКІЛЕТТІЛІКТЕРДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАДЫ**

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ СОТЫНЫҢ ӨКІЛЕТТІЛІГІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ СОТЫ АЗАМАТТЫҚ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДІҢ СОТТАРДА ҚАРАЛАТЫН ӨЗГЕ ДЕ ІСТЕР ЖӨНІНДЕГІ ЖОҒАРҒЫ СОТ БОЛЫП САНАЛАДЫ. ЗАҢДА КӨЗДЕЛГЕН ІС ЖҮРГІЗУ НЫСАНДАРЫНДА ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН ҚАДАҒАЛАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАДЫ, СОТ ПРАКТИКАСЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР БЕРІП ОТЫРАДЫ

# ЖЕРГІЛІКТІ ӨКІЛДІ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАР

**ЖЕРГІЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ —** ЗАҢ АКТІЛЕРІНДЕ БЕЛГІЛЕНГЕН ҚҰЗЫРЕТ ШЕГІНДЕ ЖЕРГІЛІКТІ ӨКІЛДІ ЖӘНЕ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАР ТИІСТІ АУМАҚТА МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫ ЖҮРГІЗУ, ОНЫ ДАМЫТУ МАҚСАТЫНДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН, СОНДАЙ-АҚ ТИІСТІ АУМАҚТАҒЫ ІСТІҢ ЖАЙ-КҮЙІНЕ ЖАУАПТЫ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН ҚЫЗМЕТ

**ЖЕРГІЛІКТІ ӨКІЛДІ ОРГАН (МӘСЛИХАТ) —** ОБЛЫСТЫҢ (РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ҚАЛАНЫҢ, АСТАНАНЫҢ), НЕМЕСЕ АУДАННЫҢ (ОБЛЫСТЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ҚАЛАНЫҢ) ХАЛҚЫ САЙЛАЙТЫН, ЕРКІН БІЛДІРЕТІН ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА СӘЙКЕС ІСКЕ АСЫРУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ШАРАЛАРЛЫ БЕДГІЛЕЙТІН ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАЛУЫН БАҚЫЛАЙТЫН САЙЛАНБАЛЫ ОРГАН

**ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАН (ӘКІМИЯТ) —** ОБЛЫСТЫҢ (РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ҚАЛАНЫНЫҢ), АУДАННЫҢ (ОБЛЫСТЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ҚАЛАНЫҢ) ӘКІМІ БАСҚАРАТЫН, ӨЗ ҚҰЗЫРЕТ ШЕГІНДЕ ТИІСТІ АУМАҚТЫ ЖЕРГІЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН АЛҚАЛЫ АТҚАРУШЫ ОРГАН

## ЖЕРГІЛІКТІ ӨКІЛДІ АТҚАРУШЫ ОРГАН ҚҰЗЫРЕТІ

**Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес, құқық бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылық белгіленетін ережелерді бекіту**

**Азаматтар мен ұйымдардың Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі актілерінің, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің нормалары орындалуына жәрдемдеседі**

**Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында қоғамдық тәртіп пен қауапсіздіктің сақталуынн қамтамасыз етуді ұйымдастырады**

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫН БАСҚАРУ МӘНІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

**МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫҢ МӘНІ –** ***ішкі істер органдарының бағыттары мен элементтері әрекеттестігінің бірқалыптылығын қамтамасыз ету және олардың жүйесі мен құрылымына әсер ету арқылы негізгі міндеттерді орындауға бағытталған***

**БАСҚАРУ ҚЫЗМЕТІ ЖАЛПЫ, АРНАЙЫ ЖӘНЕ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ТҮРІНДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ**

**ЖАЛПЫ ҚЫЗМЕТ**

– есеп;
– талдау;
– болжау;
– жоспарлау
– ұйымдастыру;
– реттеу;
– бақылау

**АРНАЙЫ ҚЫЗМЕТ**

– қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті, соның ішінде төтенше немесе әскери жағдай ахуалында қамтамсыз ету;
– қылмыстық жаза мен әкімішілік жазалау шараларын жүзеге асыру;
– қылмыс пен өзге де құқық бұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау және тыю, ұстау орындарында құқық тәртібі мен ережесін қамтамасыз ету;
– әкімшілік жолымен қамауға алынғандарды ұстау орындарында құқық тєртібі мен ережелерін қамтамасыз ету және т. б.

**ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ ҚЫЗМЕТІ**

– кадрлық;
– материалдық-техникалық;
– қаржылық-шаруашылық

# ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІП МӘНІ

**ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІП ҰҒЫМЫНЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІ**

***Қоғамдық тәртіптің мазмұны***

- қоғамдық орындарда адамдардың құқықтық сипатында (іс-әрекеті мен қылықтары) болатын қоғамдық қатынастар

***Қоғамдық тәртіпті сақтау мақсаты***

- адамның және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына және басқа да мүдделеріне қайшы қол сұғудан қорғау
  - қоғамдық орындарда тыныштықты, қоғамның өмір-тұрмысын, тіршілігінің қалыпты болуын қамтамасыз ету
  - мүліктің барлық түрін қорғау

***Қоғамдық тәртіпті сақтау***

- әлеуметтік нормалар (құқықтық және моральдық нормалар)
  - ішкі істер және басқа да құқық органдарының күштері мен құралдары

# ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК МӘНІ

**ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ҰҒЫМЫНЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІ**

***Қоғамдық қауіпсіздіктің мазмұны***

Халықтың өмірі мен денсаулығын сақтау, халық игілігіне келтірілген зиянды азайту мақсатымен шұғыл құтқару және апатты қалпына келтіру жұмыстарын қажет ететін табиғи нәубеттер мен экологиялық дағдарыс жағдайлар, жұқпалы аурулар, індеттер, ірі апаттар мен опаттарды тыюмен байланысты қоғамдық қатынас жағдайлары

***Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсаты***

Табиғи нәубеттер мен экологиялық дағдарыс жағдайлар, жұқпалы аурулар, індеттер, ірі апаттар мен опаттардың алдын алу

***Қоғамдық қаупсіздікті реттеу құралдары***

- құқықтық нормалар
- Ұйымдастыру-техникалық нормалар, қоғамдық қауіпсіздік ережелерін сақтау
- ішкі істер мен қорғаныс министрліктерінің, Төтенше жағдайлар министрлігінің және басқа да құқық органдарының күштері мен құралдары

## ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП, ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІП ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ ӨЗАРА ҚАТЫСТЫЛЫҒЫ



# МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ БАСҚАРУ ҚЫЗМЕТІ

## НЕГІЗГІ БАСҚАРУ ШАРАЛАРЫ

### *Қоғамдық тәртіпті қорғау ұйымдарын қамтамасыз ету*

– қоғамдық тәртіпті қорғайтын мемлекеттік органдардың құрамдық сапасының деңгейін көтеру және олардың кәсіби әзірлігін жетілдіру;
– қоғамдық тәртіпті қорғайтын мемлекеттік органдарға қажетті материалдық-техникалық және қаражат құралдарын беру;
– қоғамдық тәртіптің бұзылуына қарсы күресті, заңдылықты күшейту, қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың шараларды бірлесе орындауына жұмылдыру

### *Қоғамдық тәртіпті қорғауға байланысты*

– қоғамдық тәртіпті қорғауға байланысты нормативтік актілер шығару;
– қоғамдық тәртіпті қорғайтын салалық мемлекеттік органдарды құру, қоғамдық тәртіпті қорғауға азаматтарды қатыстыру;
– бұқаралық ақпарат құралдарын қоғамдық тәртіпті және қылмыстылықпен күресті күшейтуге қолдану

# МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ ҚОРҒАУ МЕН ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ТӘСІЛДЕРІ



### *3-тақырып. Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі ұғымы, ерекшеліктері, қағидалары, мазмұны мен негізгі нысандары*

## ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТІ

**ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТІ**

МЕМЛЕКЕТТІҢ ІШКІ САЛАСЫНДАҒЫ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚЫЗМЕТТЕРІН ІС ЖҮЗІНЕ АСЫРУДА ӨКІЛЕТТІК ШЕҢБЕРІНДЕ ЗАҢМЕН БЕЛГІЛЕНГЕН НАҚТЫ, КҮНДЕЛІКТІ, МАҚСАТТЫ АРҚАРУШЫ-ӨКІМДІ ҚЫЗМЕТІ

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

1. **МЕМЛЕКЕТТІК-ӨКІМДІ**
2. **ОРТАЛЫҚТАН БАСҚАРУ МЕН ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕРЛЕРДЕ БАСҚАРУДЫҢ ҮЙЛЕСІМДІЛІГІ**
3. **ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ**
4. **ЗАҢНАН ТУЫНДАЙТЫНДЫҒЫ**
5. **ӨКІЛДІ ОРГАНДАРҒА БАҒЫНЫШТЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУЛЫҒЫ**
6. **АЛДЫН АЛУ БАҒЫТТЫЛЫҒЫ**

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ НЫСАНДАРЫ



# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚАҒИДАЛАРЫ

**ӘЛЕУМЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАҒИДАЛАР**

- АДАМГЕРШІЛІК;
- ӘЛЕУМЕТТІК;
- ДЕМОКРАТИЗМ;
- ХАЛЫҚТЫҢ СЕНІМІ МЕН ҚОЛДАУЫНА СҮЙЕНУ;
- ЗАҢДЫЛЫҚ;
- ҒЫЛЫМИЛЫҚ;
- ЖАРИЯЛЫЛЫҚ ПЕН КӘСІБИ ҮЙЛЕСІМДІЛІК

**ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫ**

- САЛАЛЫҚ;
- ЖЕРГІЛІКТІ;
- ЖҮЙЕЛІ;
- ҚЫЗМЕТТІК;
- ҚОС САТЫЛЫ БАҒЫНЫШТЫЛЫҚ;
- ӨКІЛЕТТІЛІКТІ ТИІМДІ БӨЛУ;
- ЖҰМЫС НӘТИЖЕСІНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТІНІҢ МАЗМҰНЫ



# ІІ-ТАРАУ. ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

## *4-тақырып. Ішкі істер органдарының міндеттері, қызметі, қызмет түрлері, тәсілдері және жүйесі*[1]

**Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес анықтау, алдын ала тергеу мен жедел іздестіру қызметін, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті сақтау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне қылмыстық және ұзге де заңдарға қарсы қол сұғушылықтардың алдын алу және жолын кесу жөніндегі атқарушылық жқне өкім етушілік қызметтерін жүзеге асыратын арнайы мемлекеттік орган болып табылады**

[1] Толығырақ «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасы 1995 жылғы 2 желтоқсанында қабылданған Заңын қараңыз.

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

## НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

1) қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті, соның ішінде төтенше немесе әскери жағдай ахуалында қамтамасыз ету;

2) қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, қылмыстарды ашу және тергеу, сондай-ақ қылмыскерлерді іздестіру;

3) заңдарда белгіленген өздерінің құзыреті шегінде алдын ала тергеу, анықтама мен әкімшілік іс жүргізуді жүзеге асыру;

4) әкімшілік жазалауларды орындау;

5) әкімшілік жолмен қамауға алынғандарды ұстау орындарында құқық тәртібін қамтамасыз ету және адамдарды ұстау режимін сақтау;

6) кәмелетке толмағандардың қараусыздығы мен құқық бұзушылығын анықтау және тыю;

7) қажет болған жағдайларда мемлекеттік өрттен қорғау қызметі органдарына өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуде жәрдем көрсету;

8) жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуді мемлекеттік қадағалау және бақылау;

8-1) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымын мемлекеттік бақылау;

8-2) азаматтық және қызметтік қаруды және оның оқдәрілерін мемлекеттік бақылау;

8-3) күзет қызметін, сондай-ақ күзет дабылы құралдарын монтаждауды, орнатуды және техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын субъектілердің қызметін мемлекеттік бақылау;

9) мемлекеттік және өзге де объектілерді, жеке адамдарды күзету, қамауға алынғандар мен сотталғандарды айдап апару, терроризм актілерінің жолын кесуге, кепілге алынғандарды босатуға қатысу;

10) виза беру жұмысын жүргізу, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының аумағында болу тәртібін сақтауын бақылау және т.б.

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТІ

## ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ МІНДЕТТЕРІНЕ СӘЙКЕС ЖӘНЕ ӨЗ ҚҰЗЫРЕТІ ШЕГІНДЕ МЫНАДАЙ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАДЫ:

**1.** ***Адамның және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына қол сұғушылықтан қорғау***

**2.** ***Қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, соның ішінде мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың жәрдемімен, ұйымдар мен азаматтардының ерікті қатысуымен қорғау және қамтамасыз***

**3.** ***Қылмыстың алдын алуға, анықтауға, ашуға және жолын кесуге қатысу***

**4.** ***Жедел-іздестіру шараларын жүзеге асыру***

**5.** ***Анықтау мен тергеу жүргізуге қатысу***

**6.** ***Әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асыруға және басқа да қызметтерді жүзеге асыруға қатысу***

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ

**ІШКІ ІСТЕР ОРГАНЫ ӨЗДЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІ МЫНАДАЙ НЫСАНДАРДА ЖҮРГІЗЕДІ:**

1. **ҰЙЫМДАСТЫРУ ШАРАЛАРЫ**
2. **МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР**
3. **ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМАТИВТІК АКТІЛЕР ШЫҒАРУ**
4. **ҚҰҚЫҚ ҚОЛДАНУШЫЛЫҚ (РЕТТЕУШІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУШЫ)**

***Бұл қызмет түрлері ішкі істер органдарының ішкі қызметі, аппараттары мен бөлімдері арасында және сыртқы қызмет деңгейінде қолданылады***

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТ ТӘСІЛДЕРІ

.

**Тәсілдер – ішкі істер органдарына жүктелген міндеттер мен қызметтерді жүзеге асыруға қолданылатын жолдар**

**ІШКІ ІСТЕР ОРГАНЫ БАСҚАРУ СУБЪЕКТІСІ БОЛА ОТЫРЫП ТӘСІЛДЕР КӨМЕГІМЕН БЕЛГІЛІ БІР ОБЪЕКТІЛЕРГЕ ӘСЕР ЕТЕДІ, СОНЫМЕН БІРГЕ БАСҚА ДА МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ СИЯҚТЫ НЕГІЗГІ ТӘСІЛ БОЛЫП МЫНАЛАР САНАЛАДЫ:**

**СЕНДІРУ**

**МӘЖБҮРЛЕУ**

***Олардың әлеуметтік бағыты мемлекеттің ішкі істерін басқаруда қамтамасыз етеді***

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНЫНЫҢ БІРТҰТАС ЖҮЙЕСІ



# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ



*5-тақырып. Орталық Ішкі істер органыдарының құқықтық жағдайы*

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
## ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗІ

**МИНИСТРЛІК ӨЗ ҚЫЗМЕТІН**
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫНА**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ АКТІЛЕРІНЕ**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ АКТІЛЕРІНЕ**

**БАСҚА ДА НОРМАТИВТІК АКТІЛЕРГЕ, СОНДАЙ-АҚ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІНЕ ЖӘНЕ МИНИСТРЛІКТІҢ ЖҰМЫСЫН РЕТТЕЙТІН ЕРЕЖЕЛЕРГЕ СӘЙКЕС ЖҮЗЕГЕ АСЫРАДЫ**

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

**ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ**

Ішкі істер министрлігі ішкі істер органдарының біртұтас жүйесін басқаратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады

Ішкі істер министрлігінің жалауы, туы және рәмізі болады

Облыстардың, республикалық маңызы бар қала мен Республика астанасының, көліктегі ішкі істер департаменттерінің, сондай-ақ Ішкі істер министрлігі білім беру ұйымдарының туы болады

Ішкі істер министрлігі жалауының, туының және рәмізінің, оған бағынатын органдар туларының сипаттамасын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРІ



# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ[1]

## ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ

қоғамдық тәртіпті, қоғамдық қауіпсіздікті сақтау және қылмысқа қарсы күрес саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізуді қамтамасыз етеді;

қоғамдық тәртіпті сақтауды және қылмысқа қарсы күресті ұйымдастыруды жетілдіруге бағытталған шаралар әзірлейді;

қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздік және қылмысқа қарсы күрес саласында мемлекеттік бағдарламалар әзірлейді;

Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметіне, мемлекеттік органдарға республикадағы қылмысқа қарсы күрестің, қоғамдық тәртіпті сақтау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жай-күйі туралы ақпарат береді;

мемлекеттік органдарды және өзге ұйымдардың қылмысқа, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың заңсыз айналымы мен олардың теріс пайдаланылуына қарсы күрес, құрамында есірткі бар өсімдіктерді анықтау және жою мәселелері жөніндегі қызметін, сондай-ақ есірткі құралдарын заңсыз тасымалдау арналарына тосқауыл қою, жол қозғалысы қауіпсіздігін, құқық бұзушылық пен қылмыстардың алдын алуды қамтамасыз ету жөніндегі басқа да іс-шараларды ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асырады;

халықаралық ынтымақтастықтың басым бағыттарын айқындайды;

қылмысқа қарсы күрес, қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында және ішкі істер органдарының қарамағына жатқызылған өзге де мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастырады және жүзеге асырады;

ішкі істер органдарының жүйесінде бірыңғай мемлекеттік кадрлық саясатты іске асыруды қамтамасыз етеді;

---

[1] Толығырақ «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәселелері» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 қаулысының 12 тармағының 1-пунктін қараңыз // Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2005 ж., № 25, 311-құжат.

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ ВЕДОМСТВОЛАРҒА МЫНАДАЙ ФУНКЦИЯЛАРДЫ ЖҮКТЕЙДІ[1]:

өз құзыретінің шегінде қылмысқа қарсы күрес, қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қылмыстарды болдырмау, жолын кесу және ашу, алдын ала тергеу мен анықтауды жүзеге асыру, көші-қон заңнамасын сақтау, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың айналымы, сондай-ақ олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының азаматтығына байланысты мәселелерді қарау, күзет қызметін жүзеге асыру, арнайы мекемелерде ұсталатын адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды;

қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздік және қылмысқа қарсы күрес, құқық бұзушылық пен қылмыстардың алдын алу, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруды, сондай-ақ нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес стратегиялары мен бағдарламаларын іске асыруды;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті сақтауды, қылмысқа қарсы күресті, құқық бұзушылық пен қылмыстардың алдын алуды жетілдіруге бағытталған, заңсыз көші-қонға қарсы іс-қимыл бойынша шараларды әзірлеуді;

жедел іздестіру және криминалистикалық қызметті жүзеге асырады;

ішкі істер органдарының құзыретіне жатқызылған қылмыстар бойынша алдын ала тергеу мен анықтауды жүзеге асыруды;

құқық бұзушылық пен қылмыстардың алдын алу жөніндегі профилактикалық қызметті жүзеге асыруды;

өз құзыретінің шегінде қылмыстарды анықтауды, болдырмауды, жолын кесуді, алдын алуды және ашуды ұйымдастыру мен жүзеге асыруды;

қылмыстарды ашу және қылмыскерлер мен олардың байланыстарын айқындау үшін ақпараттық-талдамалық қызметті пайдалануды;

қылмыс жасаған, анықтау, тергеу немесе сот органдарынан жасырынып жүрген, қылмыстық жазаларын өтеуден, әскери қызметке шақырудан жалтарып жүрген, хабар-ошарсыз жоғалған адамдарды, борышкерлерді және өзге де адамдарды іздестіруді жүзеге асыруды, танылмаған мәйіттерді сәйкестендіруді;

өз құзыретінің шегінде әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асыруды;

---

[1] Толығырақ «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәселелері» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 қаулысының 12 тармағының 1-пунктін қараңыз // Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2005 ж., № 25, 311-құжат.

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

**Министрліктің оған жүктелген міндеттерді іске асыру және өзінің функцияларын жүзеге асыру үшін заңнамада белгіленген тәртіппен:**

1) өз құзыреті шегінде орындалуы міндетті нормативтік құқықтық актілерді шығаруға;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдар сұратуға және алуға;

3) қолданыстағы заңнамалық актілерге сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

*6-тақырып. Жергілікті ішкі істер органдарының құқықтық жағдайы*

# ОБЛЫСТЫҚ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

**ОБЛЫСТЫІ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫ**

Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігіне нақты бағыныштағы облыс аумағындағы ішкі істер органдары мен бөлімшелеріне басшылықты жүзеге асыратын орган болып саналады

**ОБЛЫСТЫҚ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ**

- ***Басқарма***
- ***Жеке бөлімдер, бөлімшелер мен қызметтер***
- ***Қалалық, аудандық және соларға теңестірілген бөлімдер***

Қала, аудан және қаладағы аудандардың ішкі істер бөлімдері ішкі істер органдарының қоғамдық тәртіп және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адам мен азаматтардыґң құқықтары мен бостандықтарына, қоғам мен мемлекет мүліктеріне қылмыстық және өзге де құқыққа қайшы қол сұғудың алдын алу мен жолын кесуде міндеттерін атқаратын ең көп және негізгі буыны болып саналады

# ОБЛЫСТЫҚ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

**ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНА ЖҮКТЕЛГЕН МІНДЕТТЕРДІ ОРЫНДАУ ҮШІН ТӨМЕНДЕГІДЕЙ МІНДЕТТЕРДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАДЫ[1]:**

1) қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздік және қылмысқа қарсы күрес саласында мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) Қазақстан Республикасының қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздік және қылмысқа қарсы күрес саласындағы заңдарының орындалуын қамтамасыз етеді;

3) криминалдық, әкімшілік полициясы мен ішкі істер органдарының өзге де қызметтерінің қызметін бақылауды, сондай-ақ ішкі әскерлер бөлімдерін, бөлімшелерін жедел басқаруды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

4) Қазақстан Республикасының заңдарын іске асыру жөнінде шаралар қолданады және қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздік және қылмысқа қарсы күрес саласындағы нормативтік құқықтық құжаттардың орындалуын қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

5) ішкі істер органдарының бөлімшелерін кадрлармен қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

6) ішкі істер органдары бөлімшелерінің қызметкерлері мен қызметшілерін аттестаттаудан өткізеді;

7) өз қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

8) ішкі істер органдарының бөлімшелерін жарақтандыруды қамтамасыз етеді;

9) қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздік және қылмысқа қарсы күрес саласында өңірлік ақпараттық және коммуникациялық жүйелерді құруды және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

10) халықты құқықтық тәрбиелеуге қатысуды қамтамасыз етеді, құқықтық тәртіптің жай-күйі мен ішкі істер органдары қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар туралы қоғамдық пікірді зерделейді;

11) ішкі істер органдары бөлімшелерінің жұмылдыру даярлығы бойынша, бейбіт уақытта төтенше жағдайлар туындаған кезде және соғыс уақытында олардың жұмысының орнықтылығын арттыру, ішкі істер органдары арнаулы бөлімшелерінің толық және дер кезінде жұмылдыруға тұрақты даярлығын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларын орындалуын қамтамасыз етеді және т.б.

# АУДАНДАРДЫҢ (ОБЛЫСТЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ҚАЛАЛАРДЫҢ) ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ

**Қала, аудан ішкі істер бөлімдері облыстық ішкі істер органдарына бағынатын, қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде қызмет ететін, Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігінің жүйесіне енетін буындар болып саналады**

**ҚАЛА, АУДАН ІШКІ ІСТЕР БӨЛІМДЕРІ МЫНАДАЙ БУЫНДАРДАН ТҰРАДЫ:**

***Бөлімдер***

***Бөлімшелер, топтар***

***Аумақтық полиция бөлімшелері***

**Осыларға теңестірілген басқа да бөлімшелер**

# АУДАНДАРДЫҢ (ОБЛЫСТЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ҚАЛАЛАРДЫҢ) ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ[1]

## НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ:

1) қылмыстарды анықтайды, олардың алдын алады, жолын кеседі, ашады және тергейді, ішкі істер органдарының қарауына жататын қылмыстар туралы істер бойынша анықтауды жүзеге асырады, қылмыстық қудалау органдарынан жасырынған, қылмыстық жазаны атқарудан және өтеуден жалтарған, хабарсыз кеткен адамдарды және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайларда адамдарды іздестіруді ұйымдастырады және жүзеге асырады;

2) қоғамдық тәртіпті сақтауды, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді, әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтауды, олардың алдын алу мен жолын кесуді, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құзыретінің шегінде әкімшілік іс жүргізуді, кәмелетке толмағандар арасындағы қадағалаусыздық пен құқық бұзушылықтарды анықтауды және оның жолын кесуді, жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мемлекеттік бақылау мен қадағалау жасауды, шетелдіктермен және азаматтыққа қабылдау және одан шығу, шетелге тұрғылықты тұру үшін кету туралы өтініш берген адамдармен жұмысты жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ішкі істер органдарына жүктелген өзге де міндеттерді шешеді;

3) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ішкі істер органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша лицензиялар мен рұқсаттар беруді жүзеге асырады;

4) ішкі істер органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша лицензиялар мен рұқсаттар беру ережелерін сақтауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

5) қылмыс жасады деп сезік туғызған адамдарды, сондай-ақ оларға қатысты бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу таңдап алынған адамдарды заңға сәйкес қамау және ұстау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

6) ұсталғандарды және қамалғандарды айдап апаруды жүзеге асырады және т.б.

---

[1] Толығырақ «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасы 1995 жылғы 21 желтоқсанында қабылданған Заңының 5-1-бабын қараңыз.

# III-ТАРАУ. ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ

## *7-тақырып. Ішкі істер органдарындағы қызметті ұйымдастыру және оның құқықтық негізі*

**ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

**ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ КАДРЛЫҚ АППАРАТТАРЫ**

- *Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігі кадр жұмысы департаменті*
- *Облыстық ІІД кадр жұмысы басқармалары*
- *Қала, аудан ішкі істер органдарының кадр жұмысы бөлімдері*

**Ішкі істер органының кадр аппараттары ішкі істер органының қызмет мазмұнымен айналыспайды, ол тек қана жеке құраммен жұмыс істейді, сонымен бірге ішкі істер органының ұйымдық құрылым жүйесінде кадр аппаратының орны анықталады. Бұл – басшының қол астындағы көмекші органы**

# КАДР ЖҰМЫСЫ АППАРАТЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

**Кадр аппаратына ішкі істер органдары жүйесінде мемлекеттің кадр саясаты талаптарын жүзеге асыру мақсатында құқықтық тәртіп нығайту және қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қылмыстық қол сұғушылықтан және әкімшілік құқық бұзушылықтан қорғауды қамтамасыз ету міндеті жүктеледі**

**ОСЫ МАҚСАТТА КАДР АППАРАТТАРЫ МЫНАДАЙ ЖҰМЫС АТҚАРАДЫ:**

***Кадрлар құрамының сапасын жетілдіру***

***Қызметке кандидаттарды алудың нысандары мен тәсілдерін одан әрі нығайту, жас мамандардың кәсіби білгірлігін қалыптастыру мен арттыру***

## *8-тақырып. Ішкі істер органында қызмет етудің ерекше тәртібі*

***1. Ішкі істер органы қызметкерлерінің тиісті міндеттерін қатаң және бұйрықтар, жарлықтар, түсіндірмелер мен ережелер және басқа да нормативтік актілердің талаптарын сөзсіз орындау негізінде реттелген. Заңмен белгіленген қызметті атқару. Ішкі істер органының қадрлар қатарындағы адамдардың барлығына міндетті***

***2. Ішкі істер органының кадрлары дегеніміз– Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі және жергілікті жерлердегі органдарында негізгі мамандығы бойынша ақылы түрде мемлекеттік қызмет атқаратын белгілі бір адамдар санаты***

***3. Қандайда болсын адамның ішкі істер органының кадрлары қатарында болуының белгісі Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігі кадрларында тұрып және Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігінде қызмет атқарудың ережелерімен бекітілген арнаулы полиция атағын беру болып саналады***

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТТІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗІ

**ІШКІ ІСТЕР ОРГАНЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗІ**

- ***Қазақстан Республикасының Конституциясы***
- ***Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңы***
- ***«Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» Заңы***
- ***«Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының қызмет өткеруі туралы» ереже***
- ***Ведомстволық нормативтік актілер және ішкі істер органында қызмет атқару туралы жеке контрактылар құрайды***

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ ПРИНЦИПТЕРІ

**ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ТӨМЕНДЕГІДЕЙ ПРИНЦИПТЕРГЕ НЕГІЗДЕЛЕДІ:**

- Заңдылық;
- жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың өз өкілеттігі шегінде қабылдаған шешімдерді орындауға бағыныстағы мемлекеттік қызметшілер мен төменгі органдар қызметшілері үшін міндеттілігі;
- мемлекеттік биліктің заң шығарушылық, атқарушылық және сот тармақтарына бөлінуіне қарамастан, мемлекеттік қызмет жүйесінің біртұтастығы;
- мемлекеттік қызметшілердің бақылауда болуы және есептілігі;
- азаматтар құқықтарының, бостандықтарының және заңды мүдделерінің мемлекет мүдделері алдындағы басымдығы;
- мемлекеттік құпиялар немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып есептелетін қызметті қоспағанда, қоғамдық пікір мен жариялылықты ескеру;
- жалпы қол жетушілік, яғни республика азаматтарының мемлекеттік қызметке қол жеткізуге және өз қабілеттері мен кәсіби дайындығына сәйкес мемлекеттік қызметте жоғарлатылуға тең құқықтығы;
- мемлекеттік қызметшілердің құқықтық және әлеуметтік қорғалуы;
- азаматтардың мемлекеттік қызметке кіруінің еріктілігі;
- мемлекеттік қызметшілердің қызметтік міндеттерін адал, ынталы атқарғаны, ерекше маңызды және күрделі тапсырмаларды орындағаны үшін көтермелеу;
- мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігі мен жоғары біліктілігі;
- мемлекеттік қызметшілердің қызметтік міндеттерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны және өздерінің өкілеттігін асыра пайдаланғаны үшін жеке жауаптылығы;
- мәні бірдей жұмыстарды орындағаны үшін еңбекке ақыны тең төлеу;
- мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыруды үздіксіз жүргізу

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНЫНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

**ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ:**

**РЕСПУБЛИКАНЫҢ БҮКІЛ АУМАҒЫНДА**

***атқаратын лауазымына және ішкі ведомстволық***

***бағыныстылығына, уақытына қарамастан***

**азаматтар мен лауазымды адамдардан, оларға құқық бұзушылық туралы арыз-шағым жасаған жағдайда не сондай әрекет тікелей анықталған ретте**

құқық бұзушылықты тыю және құқық бұзушыларды ұстау

көмекке мұқтаждарға жәрдем беру

сондай-ақ таяу жердегі ішкі істер органын хабардар ету үшін өзіне берілген құқықтарды толығымен пайдалануға **міндетті**

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНЫНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТТІК ҚҰҚЫҚТАРЫ

**ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН УАҚЫТША ШЕКТЕЙТІН ӘРЕКЕТТЕРІ**

***«Заң атымен» деген сөздерді айта отырып жүзеге асырылады:***

– Кез келген адам мұндай жағдайда белсенді іс-єрекетін тоқтатып, ішкі істер органдары қызметкерлерінің талаптарына сөзсіз бағынуға және оның қызметтік міндеттерін орындаумен байланысты нұсқауларын орындауға міндетті.

– ішкі істер органдары қызметкерлерінің заңды талаптарын орындамау, қорлау, қарсылық көрсету, күш қолданамын деп қорқыту немесе олардың өміріне, денсаулығына, ар-намысы мен қадір-қасиетіне, мүлкіне қастандық жасау, оларға жүктелген міндеттерді орындауға бөгет жасайтын басқа да єрекеттер, сондай-ақ ішкі істер органдары қызметкерлерінің қызмет бабындағы міндеттері мен қызметтік борышын орындауына байланысты олардың отбасы мүшелерінің, жақын туыстарының өміріне, денсаулығына, ар-намысы мен қадір-қасиетіне, мүлкіне қастандық жасау заңмен белгіленген жауапкершілікке єкеп соғады.

– ішкі істер органдарыны қызметкерлері өздеріне жүктелген міндеттерді орындау кезінде тек тікелей және төте бастықтарына ғана бағынады.

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНЫНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТТІК МІНДЕТТЕРІН ОРЫНДАМАҒАНЫ НЕМЕСЕ ТИІСІНШЕ ОРЫНДАМАҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ



# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ АРНАУЛЫ АТАҚТАРЫ



# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ АРНАУЛЫ АТАҚТАРЫ



# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТТІК ТӘРТІП

***ІІО қызметтік тәртіп*** – барлық қызметкерлердің Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен, жарғыларымен және Қазақстан Республикасының ішкі істер министрі бұйрықтарымен белгіленген тәртіп пен ережелерді, сондай-ақ қызметкерлер арасындағы тәртіп нормаларын және өзара қарым-қатынасты сақтауы

**ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНДА ҚЫЗМЕТТІК ТӘРТІП ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МАҚСАТЫНДАҒЫ БАСТЫҚТЫҢ МІНДЕТТЕРІ:**

– қарамағындағылардың жеке қасиеттерін зерттеп білу, олардың арасында жарғыларымен блгіленген өзара қарым-қатынас ережелерін қамтамасыз ету, ұжымды жұмылдары білу;
– жүйелі талдау жасау негізінде қызметтік тәртіп жағдайын, жеке құрам арасындағы моральдық-психологиялық ахуалды білу, қарамағындағы бастықтардың қызметтік тәртіпті нығайтудың,талаптарын, міндеттері мен тәсілдерін бірыңғай түсіндіруге қол жеткізу, асырудың қызметтік тәртіп пен жеке құрамның жоғары моральдық-психологиялық ахуалын нығайту жөніндегі қызметтеріне басшылық жасау, тәртіптік практиканы қолдана білуді оқыту;
– қызмет атқару ережелерінің анықтаған бұзушылықтарын, оларды тудырған себептер мен жағдайлары жою шараларын қолдану, бөлімшенің жұмыс қабілетіне зиян келтіруі мүмкін кез-келген іс-әрекеттердің жолын кесу;
– құқықтық насихатты ұйымдастыру және қызметтік тәртіпті бұзу мен өрескел бұзуды ескерту жөнінде жұмыс жүргізу;
– қарамағындағыларды заңдар, акт, жарғылар, бастықтардың бұйрықтары талаптарын бұлжытпай орындау рухында тәрбиелеу, олардың жеке абройы сезімін, ар-намысы пен борыш түсінігін дамыту және қолдап отыру, ІІО мен бөлімшелерінде жариялық пен қоғамдық кеңінен пайдалана отырып, қызметтік тәртіпті, әсересе қызметкерлер арасында жарғылық ережелер қармы-қатынастарын бұзушылықтарға, әлеуметтік әділетсіздік фактілеріне төзбеушілік жағдайда қалыптастыру;
– жоғары тұрған бастыққа қызметтік тәртіптік және қарамағындағылардың моральдік-психологиялық ахуалыныңіжағдайы туралы уақытында, объективті түрде, ол қылмыстар мен оқиғалар жөнінде дереу баяндап отыру.

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ ҚОЛДАНЫЛАТЫН КӨТЕРМЕЛЕУЛЕР

**МАДАҚТАУ ШАРАЛАРЫ:**

**Лауазымдық міндеттерін үлгілі орындағаны, мінсіз қызметі, аса маңызды әрі күрделі тапсырмаларды орындағаны үшін және жұмыстағы өзге де жетістіктері үшін ішкі істер органдарының қызметкерлері:**

1) біржолғы ақшалай сыйақымен;
2) алғыс жариялаумен;
3) бағалы сыйлықпен марапаттаумен;
4) кезекті арнаулы атақты мерзімінен бұрын берумен;
5) сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де көтер-мелеу түрлерімен көтермеленуі мүмкін

**Айрықша сіңірген еңбегі үшін ішкі істер органдарының қызметкерлері Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапатталады**

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТӘРТІПТІК ЖАЗАЛАУ ШАРАЛАРЫ

**ТӘРТІПТІК ЖАЗАЛАУ ШАРАЛАРЫ:**

- ***Ескерту***
- ***Сөгіс***
- ***Қатаң сөгіс***
- ***Қызметке толық сай еместігі туралы ескерту***
- ***Төмен тұрған лауазымға ауыстыра отырып, атқарып жүрген қызметінен босату***
- ***Арнаулы атағын бір саты төмендету***
- ***Ішкі істер органдарынан босату қолданылуы мүмкін***
- ***Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне қолданылатын тәртіптік жаза теріс қылық анықталған күннен бастап бір айдан және теріс қылық жасалған күннен бастап алты айдан кешіктірілмей қолданылады***
- ***Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы үшін тәртіптік жаза Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнамасына сәйкес қолданылады***

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ЖАЗА ҚОЛДАНУ ТӘРТІБІ

**ЖАЗА ҚОЛДАНУ ТӘРТІБІ**

***Қатардағы және басшы құрамдағы қызметкерлерге***

ауырған уақытында

демалыста

қылық жасаған күннен 6 ай асқаннын кейін

*Тәртіптік жаза қолданылмайды*

Қылмыстық іс, әкімшілік құқық бұзушылық өндірісі, ревизия немесе қаржы-шаруашылық қызметін тексеру уақыты аталған мерзімге кірмейді

**ТӘРТІПТІК ЖАЗА ҚОЛДАНУ АЛДЫНДА**

**ҚАТАРДАҒЫ ҚҰРАМДАҒЫ**

**БАСШЫ ҚҰРАМДАҒЫ**

***адамдардан***

ауызша немесе жазбаша түсінікте-ме алынады

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ЖАЗА ҚОЛДАНУ ТӘРТІБІ

**ТӘРТІПТІК ЖАЗА ҚОЛДАНУ**

***Қылықты анықтау немесе қызметтік тергеу***

қылмыстық іс

әкімшілік құқық бұзушылық өндірісі

ревизия немесе қаржы-шаруашылық қызметін тексеру аяқталғаннан кейін

қатардағы және басшы құрамдағы қызметкерлердің ауырған және демалыста болған уақытын санамай

бастықтың қорытындасы бекітілген күннен бастап 10 тәуіліктен асырылмай қолданылады

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ЖАЗА ҚОЛДАУ ТӘРТІБІ

1. ӘРБІР ҚЫЗМЕТТІК ТӘРТІП БҰЗҒАНЫ ҮШІН ТЕК ҚАНА БІР ТӘРТІПТІК ЖАЗА ҚОЛДАНЫЛАДЫ

2. ЖАЗА ҚОЛДАНУ ТУРАЛЫ БҰЙРЫҚТА НЕГІЗДЕРДІ КӨРСЕТЕ ОТЫРЫП, ЖАЗА ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ ҚОЛ ҚОЮЫ АРҚЫЛЫ ОҒАН ХАБАРЛАНАДЫ

3. ҚАТАРДАҒЫ ЖӘНЕ БАСШЫ ҚҰРАМДАҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ БҰЙРЫҚПЕН ЖАРИЯЛАНҒАН ТӘРТІПТІК ЖАЗА, ОНЫ ҚОЛДАНҒАН УАҚЫТТАН АЛТЫ АЙ МЕРЗІМ ӨТКЕН СОҢ, БАСҚА ЖАЗА ҚОЛДАНЫЛМАҒАН ЖАҒДАЙДА АЛЫНДЫ ДЕП ЕСЕПТЕЛЕДІ

4. ҚАТАРДАҒЫ ЖӘНЕ БАСШЫ ҚҰРАМДАҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ӨЗДЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ ЖОҒАРЫ ТҰРҒАН БАСШЫЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛҒАН ШЕШІМДЕРІ МЕН ӘРЕКЕТТЕРІН ТУРАЛЫ ЗАҢҒА СӘЙКЕС СОТҚА ШАҒЫМДАНУҒА ҚҰҚЫЛЫ

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТ ЖАҒДАЙЫ



# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ДЕМАЛЫС КҮНДЕРІ

**ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ БЕРІЛЕТІН ДЕМАЛЫСТАР:**

- **КЕЗЕКТІ**
- **ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ**
- **АУРУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ**
- **ОҚУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ**
- **ҚОСЫМША (ЗИЯНДЫ НЕМЕСЕ ЕРЕКШЕ ҚЫЗМЕТ ЖАҒДАЙЫНДА) ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК (ӘЙЕЛ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ БОСАНУЫНА ЖӘНЕ БАЛА КҮТІМІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ)**

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНДА ҚЫЗМЕТ ӨТКЕРУ ТӘРТІБІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

***Қызмет өткеру деп ішкі істер органы қызметкерінің қызметтік-құқықтық жағдайын өзгертіп отыратын заңдылық фактілер жиынтығын айтамыз***

**ОНЫҢ ҚАТАРЫНА МЫНАЛАР ЖАТАДЫ:**

1) КАДРЛАР ҚАТАРЫНА ЕНГІЗУ;

2) ҚЫЗМЕТТІК АТТЕСТАЦИЯЛАУ;

3) ЛАУАЗЫМҒА ТАҒАЙЫНДАУ;

4) ҚЫЗМЕТТІК КӨТЕРМЕЛЕУ;

5) АРНАУЛЫ АТАҚ БЕРУ;

6) ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІН АЯҚТАУ

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНА ҚЫЗМЕТКЕ ҚАБЫЛДАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНДА ҚЫЗМЕТТІ АЯҚТАУ НЕГІЗДЕРІ

**ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ТӨМЕНДЕГІ НЕГІЗДЕРГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЗМЕТІНЕН БОСАТЫЛАДЫ:**

– зейнетақы алуға құқық беретін еңбек сіңірген жылдары (қызмет мерзімі) және әскери қызметте болудың шекті жасына жетуі бойынша;
– жасына қарай, яғни әскери қызметте болудың шекті жасына жетуі бойынша;
– денсаулық жағдайына қарай - әскери қызметке жарамсыздығы немесе шектеулі жарамдылығы жөнінде әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы (қаулысы) негізінде;
– штаттың қысқаруына немесе ішкі істер органдарының қайта құрылуына байланысты басқа қызметте пайдалану мүмкіндігі болмаған жағдайда;
– еңбек жағдайларының өзгеруіне байланысты одан әрі қызмет өткеруден бас тартқан жағдайда;
– контрактыны бұзуға не оның мерзімінің өтуіне байланысты;
– өз қалауымен;
– белгіленген тәртіппен басқа мемлекеттік органдарға (ұйымдарға) жұмысқа ауысуына байланысты;
– сынақ мерзімінің ішінде қызметке жарамсыздығы анықталған жағдайда;
– әскери-қызметтік тәртіпті өрескел бұзғаны үшін;
– аттестацияның қорытындысы бойынша қызметке сай келмеуіне орай;
– ішкі істер органдарының қызметкері деген атаққа кір келтіретін теріс қылық жасағаны үшін;
– сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауына байланысты;
– соттың заңды күшіне енген айыптау үкімі болуына байланысты;

# IV-ТАРАУ. ЖАЛПЫ БАСҚАРУ ФУНКЦИЯЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ БӨЛІМДЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ МЕН ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

## *9-тақырып. Ішкі істер министрлігі штаб-департаментінің құқықтық жағдайы мен жүйесі*

**ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАЛПЫ БАСҚАРУ ФУНКЦИЯСЫН**

***Арнайы аппараттар (қызметтер) штабтар атқарады***

**ШТАБ**

***Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне бағынышты штабтардың өкілеттілігі Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі белгілеген тәртіппен бекіткен ереже сәйкес анықталады***

# ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ ШТАБ-ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

**ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ШТАБТАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТӨМЕНДЕГІ НЕГІЗГІ БАСҚАРУ МІНДЕТТЕРІН ОРЫНДАЙДЫ:**

- республикадағы оперативтік жағдайды ішкі істер органдары жұмысының нәтижелерін, криминалдық жағдайдың жетілуіне кешенді талдау жасау;
- ішкі істер органдарының қоғамдық тәртіпті қорғау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қылмыстылықпен күрестегі жұмысына аймақтық бақылуды жүзеге асырады;
- ішкі істер министрлігінің алдағы және ағымды жұмыстарын жоспарлауды ұйымдастыру;
- ішкі істер министрлігінің салалық қызмет буындарымен бірлесіп, обылыстарда, аймақтарда, және құлік объектілерінде оперативтік жағдайдың өзгеруіне байланысты көңіл бұлу шаралары жүніндегі ұсыныстарды өңдеу және олардың орындалуына бақылау жасау;
- Қазақстан Республикасы Президенті, Парламенті мен Үкіметі актілерінің алқалық және оперативті мәжілістерінің шешімдерін, Министрдің бұйрықтары, өкімдері мен ұйғарымдарын, ІІМ жоспарлары мен бағдарламаларын, орталық аппарат қызметтерінің орындауына бақылау жасайды;

ішкі істер министрлігінің, облыстардың ішкі істер Бас басқармасының, көліктегі ішкі істер басқармасының, олардың органдары мен бұлімдерінде ұйымдастырушылық және жедел қызметтерін ұйымдастырады жкне басқа да негізгі міндеттерді, жұмысының құқықтық жағдайын көрсететін ережеге байланысты жүргізеді.

# ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ ШТАБ-ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ

**ОЛАРҒА МЫНАЛАР ЖАТАДЫ:**

1) ТАЛДАУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ;

2) БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ;

3) ЖОСПАРЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ;

4) ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІ ЖЕТІЛДІРУ;

5) ОРЫНДАУДЫ БАҚЫЛАУ МЕН ТЕКСЕРУ;

6) СЫРТҚЫ БАЙЛАНЫСТАРДЫ ЖЕТІЛДІРУ

7) ОПЕРАТИВТІК ЖАҒДАЙДЫҢ ӨЗГЕРУІН ҮЗДІКСІЗ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ КӨҢІЛ БӨЛУ

8) ЖҰМЫСТЫҢ ТИІМДІ НЫСАНДАРЫ МЕН ТӘСІЛДЕРІН ТАЛДАУ, ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ШТАБТАРЫНА БАСШЫЛЫҚ ЖАСАУ

# ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ ШТАБТАРЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ



# ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ ШТАБ-ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

**ШТАБ-ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ҚҰРАМЫНА МЫНАЛАР ЕНЕДІ:**

- ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ - ТАЛДАУ БАСҚАРМАСЫ;
- БАҚЫЛАУ-ЖОСПАРЛАУ БАСҚАРМАСЫ;
- ЖҰМЫЛДЫРУ ДАЯРЛЫҒЫ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС БАСҚАРМАСЫ;
- ЕСЕПКЕ АЛУ-ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІН БАҚЫЛАУ БАСҚАРМАСЫ;
- ШТАБ КЕҢЕСІ;
- ЖЕДЕЛ-БАСҚАРУ ОРТАЛЫҒЫ;
- КЕЗЕКШІ БӨЛІМДЕРДІ БАСҚАРУ БӨЛІМІ;
- АҚПАРАТТЫҚ –БАҒДАРЛАМАЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ БӨЛІМІ;
- КЕЗЕКШІ БӨЛІМ;
- ХАЛАҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ БАСҚАРМАСЫ;
- ТМД ІСТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІМ;
- ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР БӨЛІМІ.

## *10-тақырып. Ішкі істер органдары кезекші бөлімдерінің қызметі*

# ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ КЕЗЕКШІ БӨЛІМІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

**ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ КЕЗЕКШІ БӨЛІМІНІҢ МІНДЕТТЕРІ:**

1. Ішкі істер министрлігі және жергілікті ішкі істер органдарының дайындығын қаматамасыз ету.

2. Республикадағы, облыстағы жедел жағдайдағы хабарларды бақылап, жинап, өңдеп ішкі істер министрлігінің, ішкі істер басқармаларының, транспорттағы ішкі істер басқармаларының басшыларына баяндап, белгіленген тәртіппен мемлекеттік Үкімет және басқару органдарына, сонымен қатар прокуратураға және басқа да мүдделі органдарға хабарлау.

3. Қылмыс жайлы түскен арыздарды, басқа да құқық бұзушылық оқиғалар жайлы хабарларды қабылдап, шұғыл шешім қабылдау және қылмыс жасағандығы туралы арыздар мен хабарлардың өз уақытында шешімін табуына бақылау орнату.

4. Ауыр қылмыс жасалғанда, жаппай тәртіпсіздікте, апатта және басқа да төтенше оқиғаларда ішкі істер министрлігі және жергілікті ішкі істер органдарының күштері мен құралдарын шұғыл басқаруды ұйымдастыру, солардың басшыларының тапсырмалары бойынша жедел жоспарды іске қосудағы бір-бірімен бірігіп әрекет жасау, сонымен қатар құрші немесе достастық мемлекеттердің ішкі істер органдарымен бірлесіп қылмыстық әрекеттерді бақылау.

5. Ішкі істер органдарының, мекемелерінің, сонымен қатар облыстық басқармаларының (бөлімдерінің) кезекші бөлімшелерінің қызметін бақылауды ұйымдастыру.

6. Азаматтар мен лауазымды адамдарға ішкі істер министрлігінің және жергілікті ішкі істер органдарының жұмыстары мен қызметтері туралы сұраған жағдайда оларға анықтау қызметін көрсету.

7. Ішкі істер министрлігі және жергілікті ішкі істер органдарының дайындығын қаматамасыз ету.

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ КЕЗЕКШІ БӨЛІМШЕЛЕРІНІҢ ОПЕРАТИВТІК КЕЗЕКШІСІНІҢ МӘРТЕБЕСІ

**ҚАЛАЛЫҚ, АУДАНДЫІ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ОПЕРАТИВТІК КЕЗЕКШІ**

***Осы органға бағыныштыбарлық бөлімшелер мен мекемелердің кезекшілері үшін жоғары оперативтік бастық болып саналады***

***Сол сияқты қоғамдық тәртіпті қорғауда өз міндеттерін орындаушы, төтенше оқиғалардың алдын алып, оны болдырмауға күш салып, барлық қызметтік наряд бастығы болып табылады***

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІІМ, ІІД ЖӘНЕ ОЛАРҒА ТЕҢЕСТІРІЛГЕН ОРГАНДАРДЫҢ КЕЗЕКШІ БӨЛІМШЕЛЕРІНДЕ ҚЫЛМЫСТАР МЕН ОҚИҒАЛАР ТУРАЛЫ ӨТІНІШТЕР МЕН ХАБАРЛАМАЛАРДЫ ЖӘНЕ БАСҚА ДА АҚПАРАТТАРДЫ ЕСЕПКЕ АЛЫП ТІРКЕУДІҢ ТӘРТІБІ

*Қылмыстар мен оқиғалар туралы өтініштер мен хабарламаларды және басқа да ақпараттарды*

*Хатшылыққа пошта, телеграф арқылы түссе немесе дербес ¸келінген болса, хат-хабарларды тіркеудің және жалпы ережесі бойынша тіркейді және азаматтардың шағымдары мен өтініштері туралы алфавиттік журнал жүргізіледі*

*Хатшылық оларды*

*ІІМ басшылығына, ІІББ, ІІБ, КІІБ және соларға теңестірілген орган бастықтарына немесе олардың орынбасарларына береді*

*Олар аталған органның кезекші бөліміне өтініштерді тіркеу кітабына немесе жазбаша тіркеу үшін жазбаша нұсқау береді*

*Хатшылық ІІМ басшылығына басшылығына, ІІББ, ІІБ, КІІБ және соларға теңестірілген орган бастықтарына немесе олардың орынбасарларына қол қойған өтініштер мен хабарламаларды тіркеу кітабына немесе ақпараттарды есепке алу журналына тіркеу және оны салалық қызметтердің бастығына орындауға беру үшін өз журналына белгі қойып оперативтік кезекшіге береді*

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІІМ, ІІБ ЖӘНЕ ОЛАРҒА ТЕҢЕСТІРІЛГЕН ОРГАНДАР ОПЕРАТИВТІК КЕЗЕКШІСІНІҢ ӨТІНІШТЕР МЕН ХАБАРЛАМАЛАРДЫ ТІРКЕУ МІНДЕТТЕРІ

**ОПЕРАТИВТІК КЕЗЕКШІ МЫНАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА МІНДЕТТІ:**

1) қылмыс немесе оқиға туралы телефон арқылы түскен барлық хабарламаларды және басқа да ақпараттарды кезекші бұлімнің есеп кітабына тіркеуге;

2) қылмыс немесе оқиға туралы хатшылықтан келіп түскен ұтініштер мен хабарламаларды тіркеуге;

3) өтініш тіркеу кітабына оның түскен күні, айы, жылын, ұтініш иесінің аты-жұні мен рет санын жазуға және ұтініш иесінің қолын қойдырып алуға;

4) Екі рет тіркеуге жол бермеу үшін криминалдық ақпарат және бақылау басқармасында осы факті бойынша жергілікті органда ақпараттың бар екендігін тексеруге;

5) өтінішті немесе хабарламаны қарау үшін оны салалық қызмет бастықтарына немесе қала, аудан, желілік ішкі істер органдары бастықтарына бергендігі туралы тіркеу кітабына және ақпаратты есепке алу кітабына олардың аты-жұнін жазуға;

6) өзі немесе кезекші бұлімнің инспекторы тіркелген ұтінішті, материалды және ұтінішті тіркеу кітабына жкне ақпаратты есепке алу кітабын алып, салалық қызмет басшысына қол қойғызуға жкне нақты орындаушысын анықтауға апаруға;

7) Тәулік бойы ұтініш пен хабарламалардың, қылмыс немесе оқиғаның болған жері бойынша жергілікті органның кезекші бұлімінің ұтінішті есепке алу кітабына немесе ақпаратты есепке алу кітабына тіркеу нұмірін, күнін және іскі стер органының нақты атауын бақылауға

# КЕЗЕКШІ БӨЛІМШЕГЕ ЖЕТКІЗІЛГЕН ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІП БҰЗУШЫНЫҢ ІСІН ҚАРАУДАҒЫ КЕЗЕКШІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

**ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІП БҰЗУШЫ КЕЗЕКШІ БӨЛІМШЕГЕ ЖЕТКІЗІЛГЕН КЕЗДЕ:**

– Кезекші бұлімшеге жеткізілген қоғамдық тәртіп бұзушының ісін қарау оперативтік кезекшінің немесе жауапты кезекшінің тапсырмасы бойынша жүргізіледі.

– Кезекші бұлімшеге жеткізілген қоғамдық тәртіп бұзушы қрекетінің себеп-салдары мен заңдылығы анықталады және жәбірленушіден куәгерден, басқа да оның әрекетін растаушылардан мәліметтер алынады.

– Жеткізілген адамның кім екендігін жқне оның денсаулығы (мастығы, алған жарақаты) анықталады.

– Кезекші бұлімшеге жеткізілген қоғамдық тәртіп бұзушының ісін қарау кезінде қазақстан Республикасы қылмыстық іс жүргізу кодексі мен қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі басшылыққа алынады.

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ КЕЗЕКШІ БӨЛІМШЕЛЕРІНДЕ ЖЕТКІЗУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ КЕЗЕКШІ БӨЛІМШЕЛЕРІНЕ МЫНАДАЙ ЛАУАЗЫМДЫ АДАМДАРДЫ ЖЕТКІЗУГЕ БОЛМАЙДЫ:**

- **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МЕН МӘЖІЛІСІНІҢ ДЕПУТАТТАРЫ**
- **ПРЕЗИДЕНТТІККЕ, ПАРЛАМЕНТ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТТАРДЫ**
- **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫН НЕМЕСЕ МҮШЕЛЕРІН**
- **ПРОКУРОРЛАР МЕН СУДЬЯЛАР**

***Жасаған қылмысының үстінен түскен жағдайда аталғандарды ұстауға және ішкі істер органдарына жеткізуге болады***

.

# *11-тақырып. Ішкі істер органдарының техникалық қызметінің құқықтық жағдай мен ұйымдық құрылымы*

.

Ішкі істер органдары байланыс жүйесі мен ақпарат желілерінің тұрақты жұмысын ұйымдастыру және қамтамасыз ету, электронды-есептеу техникасын енгізу мен қолдануда жққне ақпаратты техникалық қорғауда арнайы техника мен құралдарды пайдалану және оларды іс жүзінде қолдануды ұйымдастыру, ішкі ведомстволық статистикалық қызметті, мәліметтермен қамтамасыз ету және архивтік жұмыстарды ұйымдастыру, есеп-тіркеу саласында ішкі істер органдары мен мекемелерінің қызметтеріне ведомстволық бақылау, Қазақстан Республикасының тұрғындарын есепке алу және құжаттандыруды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігінің орталық аппаратына нақты бағынышты бөлім

**ТЕХНИКАЛЫI ҚЫЗМЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ**

Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары жүйесінде жоғарыда аталған мәселелер бойынша ішкі істер органдарының барлық қызметтері мен бөлімдеріне міндетті ведомстволық нормативтік база жасайтын өкілеттік құқысына ие және өз құзыреті шегінде барлық қызметтер мен бөлімдерге бақылау-өкімдік қызметін жүзеге асыратын орталық орган болып саналады

Өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Президент жарлықтарын, Үкімет қаулылары мен өкімдерін, ішкі істер министрлігінің бұйрықтарын, өкімдері мен нұсқауларын, басқа да нормативтік-құқықтық актілерді және Оперативтік-техникалық қызмет департаменті туралы ережені басшылыққа алады

Құрылымы мен штатын Қазақстан Республикасы ішкі істер Министрі бекітеді және оның бастығын тағайындайды. Департамент бастығы Министрге және жұмыс барысын тексеретін министрдің орынбасарына бағынышты. Департамент бастығының жанында оперативтік мєжіліс құрылады, оның мүшелері болып, департамент бастығының орынбасары және департамент басқармаларының бастықтары кіреді. Ал ішкі істер органдарының техникалық даму мєселесіне шешу үшін департамент бастығының орынбасары басқаратын техникалық кеңес құрылады

# ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ



# ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

## НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕР:

– Байланыс, ақпараттық желілер, электронды есептеу және оперативтік техника, ақпарат қорғау құралдары және тұрғындарды құжаттандыру саласында ішкі істер органдарының техникалық жетілдіру тұжырымдамасын өңдеу мен жүзеге асыру.
– Департаменттің қызметі бойынша нормативтік құжаттар мен ұсыныстар өңдеу (дайындау).
– Ішкі істер органдарының байланыс және ақпараттық желілерінің кешендік жүйелерін құру, дамыту және жетілдіру, олардың күнделікті қызметі және қолайсыз жағдайларда тұрақты қызметін қамтамасыз ету.
– Ішкі істер органдарының қызметіне есептеу техникалық құралдарын және автоматтандырылған жүйелерді енгізу.
– Оперативтік және қызметтік ақпараттарды техникалық қорғауға байланысты кешенді жұмыстарды ұйымдастыру және өткізу.
– Ішкі істер органдарының қызметіне оперативтік-техникалық және арнайы құралдарды енгізу жұмыстарын ұйымдастыру және олардың қылмыс пен әкімшілік құқық бұзушылықты анықтауға, ескертуге жқне ашуға пайдалану.
– Орталықтандырылыған оперативтік-анықтамалық іздестіру есептерін жқне архивтік жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу, ішкі істер министрлігінің және басқа да ведомстволардың қызметтері мен бөлімдерін ақпараттық анықтамалармен қамтамасыз ету.
– Есеп жүргізу-тіркеу саласында ішкі істер органдары мен мекемелерніңі қызметіне ведомстволық бақылау жасау.

# V-ТАРАУ. ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ МЕН ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

## *12-тақырып. Ішкі істер органдарын қаржымен қамтамасыз ету қызметінің құқықтық жағдайы мен ұйымдық құрылымы*

**ҚАРЖЫМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ДЕПАРТАМЕНТІ**

Ішкі істер органдарынының қатмасыз ету қызметтерінің ішінде маңызды орынды Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қаржымен қамтамасыз ету департаменті (одан єрі қарай департамент) алады. Ол өз алдына Қазақстан Республикасы ІІМ Орталық аппаратына жататын жеке құрылымдық бөлімше болып табылады

Өз қызметінде Қазақстан Республикасы Конституциясын, Қазақстан Республикасы заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары мен өкім-дерін, Қазақстан Республикасы ІІМ бұйрықтарын, өкімдері мен нұсқауларын, басқа да нормативтік құқықтық актілерді жєне қаржымен қамтамасыз ету департаменті туралы ережені басшылыққа алады жєне ішкі істер органдары жүйесінде қаржы-шаруашылық мєселелері бойынша заңдардың дұрыс қолданылуын қамтамсыз етеді

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІІМ ҚАРЖЫМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ДЕПАРТАМЕНТІ

**ҚАРЖЫМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ДЕПАРТАМЕНТІ:**

**ДЕПАРТАМЕНТ МИНИСТРЛІКТІҢ ОРТАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОРГАНЫ БОЛА ТҰРА, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІІМ ЖҮЙЕСІНДЕ БІРКЕЛКІ ҚАРЖЫЛЫҚ САЯСАТТЫ ЖӘНЕ ЕҢБЕКАҚЫНЫ ҚАРЖАТТАНДЫРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ, БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП ПЕН ЕСЕП БЕРУДІ, БАҚЫЛАУ-РЕВИЗИЯЛЫҚ ЖҰМЫСЫН ЖӘНЕ ЗЕЙНЕТАҚЫМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ОРТАЛЫҚ ОРГАН БОЛЫП САНАЛАДЫ**

**ДЕПАРТАМЕНТ ҚАЗАІСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ МІНДЕТТЕРІ МЕН ФУНКЦИЯЛАРЫН ҚАРЖЫЛЫҚ БАЗАНЫ ҚҰРУДЫ, СОНЫМЕН ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ҰСТАУҒА БӨЛІНГЕН АҚШАЛАЙ РЕСУРСТАРДЫ ТИІМДІ ЖӘНЕ ҮНЕМДІ ҚОЛДАНУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ**

**ДЕПАРТАМЕНТ ЖӘНЕ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ БІРТҰТАС ҚАРЖЫЛЫҚ ЖҮЙЕСІН ҚҰРАЙДЫ**

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ ҚАРЖЫМЕН ҚАМТАМСЫЗ ЕТУ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

**НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕР:**

– Ішкі істер органдарына жүктелген міндеттер мен функцияларды орындауға бөлінген қаражаттардың шығысын тиімді және үнемді жұмсауын қамтамасыз ету;

– қаржылық жоспарлау мен қаражаттандыру тәсілдерін жетілдіру;

– бухгалтерлік есеп пен есеп берудің біртұтас тәсілдік негіздерін айқындау;

– Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігі жүйесінде еңбекақы төлеу жағдайларының дұрыс қолданылуын қамтамасыз ету;

– Ішкі істер органдары мекемелері, кәсіпорындары және ұйымдарында қаржылық-шаруашылық қызметтерінде заңдылықтың сақталуына тиімді бақылау ұйымдастыру;

– Ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамын, ішкі әскерлер қызметкерлерін және олардың жанұясын зейнетақымен қамтамасыз ету жұмысын ұйымдастыру.

## *13-тақырып. Ішкі істер органдарының шаруашылық, әскери жабдықтау және құрылымдық аппараттарының құқықтық жағдайы мен жүйесі*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ ТЫЛ ДЕПАРТАМЕНТІ**

Ішкі істер органдарын басқарудың ішкі ұйымдастырушылық аумағында ең маңызды қамтамасыз ету функцияларын материалдық-техникалық және әскери жабдықтау қызметтері атқарады. Ішкі істер органдары жүйесінде ол Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне тікелей бағынышты заңды тұлға құқығындағы тыл департаменті болып табылады

Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігіне тікелей бағынышты тыл департаменті Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Ішкі істер органдарының материалдық-техникалық және әскери жабдықтау, шаруашылық және тұрмыстық қамтамасыз ету, қайта жөндеу құрылысы, құрал-жабдықтар, ғимараттар мен автомобиль техникасын жөндеу-пайдалануды ұйымдастырады

Департамент өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасы заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілері мен нормативтік құжаттарын, сондай-ақ департамент туралы ережелерді басшылыққа алады

Департаменттің құрылымы мен штаттық санын Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрі бекітеді. Департаментті Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрінің ұсынуымен Қазақстан Республикасының Үкіметі лауазымдыққа тағайындайтын және жұмыстан босататын бастық басқарады. Департамент бастығы Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне тікелей бағынышты

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ ТЫЛ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

**ДЕПАРТАМЕНТТІҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ:**

1. Департамент қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының бұлімдерін негізгі қызмет бағытына және қажеттілгіне байланысты материалдық-техникалық ресурстармен, әскери техникамен, қару-жарақпен, оқ-дәрімен және арнайы құралдармен қамтамасыз етеді.
2. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының бөлімдеріне қажетті мемлекеттік өнімдер мен материалдарды сатып алуға қатысады.
3. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының бөлімдерін материалдық-техникалық, әскери жабдықтау, шаруашылық және тұрмыстық қамтамасыз ету, қайта жөндеу және ғимараттарды, құрал-жабдықтарды, автомобиль техникасын жөндеу-пайдалану қажеттілігіне байланысты ұсыныстар енгізеді (дайындайды).
4. Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігінің орталық аппаратын және оның ғимараты мен құрылыстарын шаруашылық және қорғау қызметін қамтамасыз етілуін ұйымдастырады.
5. Қаржылық-шаруашылық жүйені нығайтуға шаралар жоспарлайды және оларды жүзеге асырады, сонымен бірге тікелей бағынышты буындардың қызметіне бақылау жасайды.
6. Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігінің, облыстардың, бас басқармалардың, республикалық маңызы бар және Республика астанасының, көліктегі және оқу орындарының материалдық-техникалық ресурстар сатып алу мен жеткізу, құрылыс жүргізу, ғимараттарды, құрал-жабдықтарды, автомобиль техникасын пайдалану, қайта жөндеу шаруашылық бөлімдерін әдістемелік басқаруды жүзеге асырады.
7. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметін автокөлікпен қамтамасыз етуді белгіленген тәртіпте жүзеге асырады және мемлекеттік автомобиль инспекциясына тіркеуге қояды.
8. Департамент объектілерінде және оған бағынышты ұйымдарында шаруашылық қызметті өткізгенде қоршаған ортаны қорғауға байланысты шараларды дайындайды және оларды жүзеге асырады.
9. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының бөлімдеріне қару-жарақ, оқ-дәрі, әскери және арнайы техниканы, жеке және белсенді қорғану құралдарын және басқа да қажетті материалдық ресурстарды жеткізу (тарату) саласында мемлекттік саясатты жүзеге асыруға қатысады.
10. Шетелдік ұйымдармен өндірістік, ғылыми-техникалық, әскери-техникалық байланыстарға қатысты ынтымақтастықты жүзеге асырады.

# VI-ТАРАУ. ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ МЕН ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

## *14-тақырып. Ішкі істер органдарының (полицияның) құқықтық жағдайы және оның қызметінің негізгі бағыттары*

**ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗІ**

- Қазақстан Республикасы Конституциясы мен заңдары;
- «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасы Заңы;
- Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің және Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары;
- Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігінің Қазақстан Республикасының халықаралық-шарттық және өзге де міндеттемелері;
- Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының қызмет атқару туралы Республика Үкіметі бекіткен ережесі.

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТ ПРИНЦИПТЕРІ

**ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ МЫНАДАЙ ПРИНЦИПТЕР НЕГІЗІНДЕ ҚҰРЫЛАДЫ:**

1) ЗАҢДЫЛЫҚ;

2) ДАРА БАСШЫЛЫҚ;

3) ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ЖҮЙЕСІНІҢ БІРЛІГІ;

4) ЖАРИЯЛЫЛЫҚ;

5) МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРМЕН, ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРМЕН, ҰЙЫМДАРМЕН ЖӘНЕ АЗАМАТТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ.

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ӨКІЛЕТТІЛІГІ

**ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНА ЖҮКТЕЛГЕН МІНДЕТТЕР:**

1) АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫН, ЖЕКЕ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ;

2) ҚЫЛМЫС ПЕН ӨЗГЕ ДЕ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ, АНЫҚТАУ, ТЫЮ, АШУ ЖӘНЕ ТЕРГЕУ;

3) ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ ҚОРҒАУ МЕН ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ;

4) МЕНШІКТІҢ ҚАНДАЙДА БОЛМАСЫН ТҮРІН ҚОРҒАУ;

5) БЕЛГІЛІ БІР ӘРЕКЕТ ЖАСАУҒА ҚҰҚЫҚ БЕРЕТІН ЖӘНЕ ШЕКТЕЙТІН ӨКІЛЕТТІКТЕРДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ;

6) КӘСІПОРЫН, МЕКЕМЕ, ҰЙЫМДАРДЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ АДАМДАРЫНА ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕРГЕ КӨМЕК КӨРСЕТУ;

7) ТӨТЕНШЕ ЖӘНЕ ӘСКЕРИ ЖАҒДАЙДА ТӘРТІПТІ САҚТАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ.

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

**ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНА ЖҮКТЕЛГЕН МІНДЕТТЕРДІ ОРЫНДАУ МАҚСАТЫНДА БЕРІЛЕТІН ҚҰҚЫҚТАР:**

Ішкі істер органдары азаматтардың қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті сақтауды талап етуге, құқыққа қарсы іс-қимылдар мен ішкі істер органдарының ұкілеттілігін жүзеге асыруға кедергі келтіретін әрекеттерді тоқтатуды талап етуге құқығы бар. Бұл талаптар орындалмаған жағдайда тиісті мәжбүрлеу шараларын қолданады;

Қылмыс пен әкімшілік құқық бұзушылық жасаған деп сезіктелген жағдайда азаматтардың жеке басын куәландыратын құжаттарын, сондай-ақ орындалуын ішкі істер органдарына жүктелген ережелердің сақталуын тексеруге қажетті басқа да құжаттарды тексеруге құқылы;

Ішкі істер органдарына кез келген жасалған немесе әзірленіп жатқан құқыққа қарсы қол сұғу, соның ішінде олардың қарауына жатпайтындар туралы арыздар мен хабарларды қарауға, оларды тіркеуге, олардың жолын кесу, оларды жаСАған адамдарды ұстау, қоғамға қауіпті зардаптарға жол бермеу жөнінде нақтылы шаралар қолдануға, қылмыстарды анықтау, тыю, ашу кезінде басқа органдарға, ұйымдар мен лауазымды тұлғаларға атқарылуы міндетті тапсырмалар беруге құқылы;

Азаматтарды іс жүргізудегі материалдар мен қылмыстық істер бойынша ішкі істер органдарына шақыруға олардан түсініктемелер, құжаттар, құжаттардың көшірмелерін және жауап алуға, сондай-ақ шақырылғанда келуден дәлелді себепсіз жалтарған адамдарды мәжбүрлеп алып келуге құқылы.

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЖҮКТЕЛГЕН МІНДЕТТЕРДІ ОРЫНДАУ КЕЗІНДЕГІ МІНДЕТТЕРІ

## ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҚҰҚЫЛЫ:

– хаттамалар жазуға, әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, тәртіп бұзушыларды жеткізуге, әкімшілік жолмен ұстауға, адамның жеке басын тексеруге, сондай-ақ заттар мен құжаттарын тексеруге және алып қоюға;
– құқық бұзған әскери қызметшілерді ұстауға және оларды әскери коменданттарға, әскер бөлімшелерінің командирлеріне немесе әскери комиссарларға беруге;
– қозғалған қылмыстық істер жөнінде мемлекеттік органдардан, сондай-ақ ұйымдардан ақпарат пен материалдарды кедергісіз және өтеусіз алуға;
– заңдарда көзделген жағдайларда белгілі бір тұрақты орны, құжаттары жоқ адамдарды олардың жеке басын куәландыру және кейіннен тиісті органдар мен мекемелерге (көші-қон, медицина, әлеуметтік және басқа) беру мақсатында прокурордың санкциясымен отыз тәулікке дейінгі мерзімге ұстауға және қабылдау-бөлу орындарына отырғызуға;
– адамдардың ішімдік, есірткі және психотроптық заттарды қолданғандығын белгіленген тәртіппен куәландыруға немесе оны жүргізу үшін оларды медициналық мекемелерге жіберуге немесе жеткізуге;
– кідіртуге болмайтын жағдайларда қызмет мақсатында, қай жерде орналасқанына және кімге тиесілі екендігіне қарамастан халықаралық және қалааралық сөйлесуге кеткен шығындарды өтей отырып, байланыс құралдарын пайдалануға;
– өзге мүмкіндіктер болмағанда меншік нысанына қарамастан (дипломатиялық иммунитеті бар шет мемлекет өкілеттіктері мен халықаралық ұйымдардан басқа) жазатайым оқиғалар, дүлей апаттар болған жерлерге бару және жедел медициналық көмекке мұқтаж азаматтарды емдеу мекемелеріне жеткізу үшін, сондай-ақ кідіртуге болмайтын өзге де жағдайларда, иелеріне залал келтірілген жағайда оны өтей отырып, көлік құралдарын пайдалануға құқылы;

- азаматтардың қауіпсіздігіне қатер төндіретін қылмыс жасаған, әкімшілік құқық бұзған деп сезіктелген адамдардың ізіне түскен кезде не ол жерде қылмыс, әкімшілік құқық бұзушылық жасалды немсес жасалуда, жазатайым оқиға болды деп санау үшін жеткілікті мәліметтер болса, сондай-ақ дүлей апаттар, күйреулер, авариялар, эпидемиялар, эпизотиялар және жаппай тәртіпсіздіктер кезінде азаматтардың жеке басының қауіпсіздігі мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін азаматтардың тұрғын және басқа да жайларына, оларға тиесілі жер учаскелеріне, аумаққа және үй-жайларға (дипломатиялық иммунитеті бар шет мемлекет өкілеттіктері мен халықаралық ұйымдардан басқа) кедергісіз кіруге (басып кірген жағдайда осыған өкілеттік берілген ішкі істер органдары 24 сағат ішінде прокурорды хабардар етуге) және оларды тексеруге құқылы;
- ішкі істер органдары қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиеті мен қоғамдық имандылықты қорлайтындай мастық күйде жүрген немесе айналасындағылар мен өзіне зиян келтіруі мүмкін, тұрғын үйінде тәртіп бұзған адамдарды оның әрекеттеріне төзе алмайтын немесе куә болған азаматтардың арызы бойынша арнаулы медицина мекемелеріне немесе ішкі істер органдарының кезекші бөлімдеріне жеткізуге және оларды айыққанға дейін ұстауға құқылы;
- ішкі істер органдары заңда көзделген жағдайларда және тәртіппен қылмыстық іс жүргізу әрекеттерін және жедел іздестіру шараларын жүргізуге, оларды жүргізуге мамандар тартуға, деректі мәліметтер жинауға және зерттеу үшін ғылыми-техникалық құралдарды пайдалануға, қамауға алынған, қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасады деп сезікпен ұсталған, қылмыс жасады деп айып тағылған, әкімшілік қамауға алынғандардың жеке басын анықтауға мүмкін болмаған жағдайда тіркеуге, фотосуретке түсіруге, дыбыспен жазуға, кино немесе бейне таспаға түсіруге, дактилоскопия жасауға құқылы;
- ішкі істер органдары қызметкерлеріне арнайы құралдар мен атыс қаруын өзімен алып жүру, сақтау, қолдану және күш, соның ішінде күрестің жауынгерлік тәсілдерін қолдануға құқылы;
- ішкі істер органдарының қызметкерлері мемлекттік билік өкілдері болып табылады және мемлекеттің қорғауында болады;
- ішкі істер органдары қызметкерлерінің азаматтардың құқықтарын уақытша шектейтін іс-әрекеттерді «Заң атыменң деген сөздерді айта отырып жасалады. Кез келген адам мұндай жағдайда белсенді іс-әрекетін тоқтатып, ішкі істер органдары қызметкерлерінің талаптарына сөзсіз бағынуға және оның қызметтік міндеттерін орындаумен байланысты нұсқауларын орындауға міндетті;
- ішкі істер органдары қызметкерлерінің өздеріне қатысты қабылданған шешімдер мен іс-әрекеттерге жоғары тұрған лауазымды адамдарға немесе сотқа шағым беруге құқылы;
- ішкі істер органдарының қызметкерелері арнайы құралдар мен тәсілдер, қару қолданып келтірген зияны үшін, егер олардың іс-әрекеті заңға сәйкес жүзеге асырылса жауап бермейді;

– ішкі істер органдарының қызметкерлері мен зейнеткерлерін әлеуметтік қорғау мемлекеттің міндеті болып саналады. Олар мемлекеттік жеке сақтандыруға жатады.
– ішкі істер органдарының қызметкерлері өздеріне жүктелген міндеттерді орындау кезінде тек тікелей және төте бастықтарына бағынады, олардың қызметтеріне заңмен тікелей өкілеттік берілген адамдардан басқа ешкімнің құқы жоқ;
– заңға қайшы келетін бұйрық немесе нұсқау алған жағдайда ішкі істер органдарының қызметкерлері заңды басшылыққа алуға міндетті және оның қорғауында болады;
– ішкі істер органдарының қызметкерлері өзінің қызметтік міндеттерін орындамағаны үшін заңдарға сәйкес тәртіптік, қылмыстық және өзге де жауапкершілікке тартылады.

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЗАҢЫНА СӘЙКЕС:**

- Барлық азаматтардың құқығын қорғауға теңділік;
- азаматтардың құқықтары мен мен бостандықтарының шектелуіне байланысты құқықтары мен міндеттерін қамтамасыз ету;
- қамауға алынған, қылмыс жасады деп сезікпен ұсталған, қылмыс жасады деп айып тағылған азаматтарға заңды құқықтық көмек көрсету және олардың сұрауы бойынша туысқандарына хабарлау;
- зардап шеккендерге жедел дәрігерлік көмек көрсету үшін қажетті шараларды қолдануға міндетті;
- шағым беру құқығы;
- бұзылған құқықтарын қалпына келтіру;
- келтірілген зиянды өтеу

***қамтамасыз етіледі***

- адамгершілік қадір-қасиетін қорлайтын іс-әрекеттерге;
- азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын заңда тікелей көрсетілген ретте ғана уақытша шектеуге болады;
- азаматтардың жеке басына байланысты ар-намысын, қадір-қасиетін қорлайтын мәліметтер таратуға

***тыйым салынады***

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

**ӘКІМШІЛІК**

Жеке қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қылмыстылықпен күрестегі функцияларды жүзеге іс жүзінде, нақты және ұйымдастыруды әкімшілік-құқықтық құралдармен қамтамасыз ету

Әкімшілік-құқықтық нормалармен реттеледі

Жариялылық түрде іске асырылады

**ЖЕДЕЛ-ІЗДЕСТІРУ**

Қылмыстарды анықтау, алдын алу, болдырмау жєне ашу, анықтау алу, тергеу және сот органдарынан жасырынған, қылмыстық жазадан жалтарған адамдарды, хабар-ошарсыз кеткен азаматтарды іздестіру шарларын жүзеге асыру

Қазақстан Республикасының «Жедел-іздестіру туралы» Заңымен реттеледі

Жария немесе жасырын түрде іске асырылады

**ҚЫЛМЫСТЫҚ-ПРОЦЕССУАЛЬДЫҚ**

Анықтау, кідіртілмейтін тергеу әрекеттерін, прокурордың, тергеушінің тергеу әрекеттерін жүргізу туралы тапсырмаларын орындау

Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңымен реттеледі

Жариялылық түрде іске асырылады

## *15-тақырып. Ішкі істер органдарының ұйымдық құрылымы, қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі*



# КРИМИНАЛДЫҚ ПОЛИЦИЯНЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

**КРИМИНАЛДЫҚ ПОЛИЦИЯНЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ:**

- қылмыстарды анықтау, оның алдын алу, жолын кесу, оны ашу және тергеу
- ішкі істер органдарының жүргізуіне жататын қылмыстар туралы істер бойынша анықтама ісін жүргізу
- тергеуден, анықтамадан және соттан жасырынған, қылмыстық жазаны атқарудан және өтеуден жалтарған, хабарсыз кеткен және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де жағдайларда адамдарды іздестіруді ұйымдастыру және жүзеге асыру болып табылады

**Криминалдық полицияны жедел-іздестіру, тергеу, ғылыми-техникалық және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне тікелей бағынатын, оның алдында тұрған міндеттерді шешу үшін қажетті өзге де бөлімшелер құрайды**

# ӘКІМШІЛІК ПОЛИЦИЯНЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

**НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕР:**

- қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау, оның алдын алу және жолын кесу, қылмыстарды ашу;
- Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құзыретінің шегінде анықтама мен әкімшілік іс жүргізуді жүзеге асыру;
- ұсталған және қамауға алынған адамдар, оның ішінде белгілі бір тұратын жері, құжаттары жоқ адамдар ұсталатын жерлерде құқық тәртібін қамтамасыз ету;
- кәмелетке толмағандар арасындағы қадағалаусыздық пен құқық бұзушылықтарды анықтау және жолын кесу;
- жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мемлекеттік қадағалау және бақылау жасау;
- Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ішкі істер органдарына жүктелген лицензиялау мен рұқсат ету қызметін жүзеге асыру болып табылады.

# ӘКІМШІЛІК ПОЛИЦИЯ ҚҰРЫЛЫМЫ

**ӘКІМШІЛІК ПОЛИЦИЯНЫ ПОЛИЦИЯНЫҢ УЧАСКЕЛІК ИНСПЕКТОРЛАРЫ**

**КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР ІСІ ЖӨНІНДЕГІ УЧАСКЕЛІК ИНСПЕКТОРЛАР ҚЫЗМЕТТЕРІ**

**САҚШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ**

**ЛИЦЕНЗИЯЛЫҚ ЖӘНЕ РҰҚСАТ ЕТУ ЖҮЙЕСІ**

**ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ МАЛ ДӘРІГЕРЛІК ПОЛИЦИЯ**

**ЖОЛ ПОЛИЦИЯСЫ БӨЛІМШЕЛЕРІ**

**ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ АРНАУЛЫ МЕКЕМЕЛЕРІ**

**ӘКІМШІЛІК ПОЛИЦИЯНЫҢ АЛДЫНДА ТҰРҒАН МІНДЕТТЕРДІ ШЕШУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ӨЗГЕ ДЕ БӨЛІМШЕЛЕР ҚҰРАЙДЫ**

# ӘСКЕРИ-ТЕРГЕУ ОРГАНДАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ




**Әскери-тергеу органдарын әскери-тергеу департаменті, әскери-тергеу басқармалары мен тергеу, жедел-іздестіру, жедел-техникалық және өздерінің алдында тұрған міндеттерді шешу үшін қажетті өзге де бөлімшелерден тұратын бөлімдер құрайды.**

**Әскери-тергеу органдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бұған уәкілдік берілген лауазымды адамдар арқылы өз құзыреті шегінде ішкі істер органдарының барлық құқықтарын пайдаланып, солардың міндеттерін атқарады.**

**Әскери-тергеу органдары Қарулы Күштер есебінен қызметтік үй-жаймен, байланыс құралдарымен қамтамасыз етіледі.**

## ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ ӘСКЕРИ ПОЛИЦИЯСЫ

**ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ ӘСКЕРИ ПОЛИЦИЯСЫ АРНАУЛЫ ОРГАН БОЛЫП САНАЛАДЫ ЖӘНЕ МЫНАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАДЫ**

***Ішкі әскерде құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуді***

***Әскери қылмыстар және ішкі әскер қызметшілерінің жасаған қылмыс-тары бойынша анықтау жүргізуді***

***Ішкі әскер қызметкерлері олардың арасындағы қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушы-лықтардың алдын алуға, анықтауға, жолын кесуге, әскери қылмыстарды ашу***

***Ішкі әскерлердің әскери қызметшілерін іздестіруді.***

# ПОЛИЦИЯ АППАРАТТАРЫ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ САЛАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ



# ПОЛИЦИЯНЫҢ САЛАЛЫҚ АППАРАТТАРЫ МЕН ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ НЫСАНДАРЫ

| | |
|---|---|
| ***Аймақтық (жергілікті)*** | Қызметкерлер жергілікті жердегі ішкі істер органдарының барлық міндеттерін орындайды |
| ***Желілі*** | Қызметкерлер қамтамасыз ететін жергілікті жердегі белгіленген бағыттарда міндет атқарады |
| ***Аралас, желілі-қызметтік*** | Қызметкерлер өз міндеттерін; желілі және аймақтық нысандарды қолданып жүзеге асырады |

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ



# VII-ТАРАУ. ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ (ПОЛИЦИЯ) ҚЫЗМЕТІНІҢ МАЗМҰНЫ, НЫСАНДАРЫ МЕН ТӘСІЛДЕРІ

## *16-тақырып. Ішкі істер органдары (полиция) қызметінің мазмұны, нысандары мен тәсілдері*

### ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ (ПОЛИЦИЯ) ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТІНІҢ МАЗМҰНЫ

**Полицияның әкімшілік қызметінің мазмұнын жалпы, қамтамасыз ету және арнаулы (негізгі) қызметтер құрайды**

***Оның функциялары белгіленген нысандар және тәсілдер арқылы жүзеге асырылады***

Жалпы қызмет

Жоспарлау, болжау, ұйымдастыру, реттеу, есеп жүргізу, бақылау

Арнаулы қызмет

Субъектілердің құқықтарын, бостандықтарын және полицияның қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және басқа да міндеттердің қолайлы жағдайлары мен тәртібіне бағытталған

Қамтамасыз ету қызмет

Қадрлық, қаражаттандыру, материалдық-техникалық жєне полицияның єкімшілік қызметін басқа да қамтамасыз ету қызметін басқарады

# ПОЛИЦИЯНЫҢ ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

### *Мемлекеттік өкімдік*

Ішкі істер органдары мемлекет атынан нақты заң шеңберінде жүктелген әкімшілік құқықтық өкілеттіктер

### *Тікелей ұйымдастыру қызметі*

Ішкі істер органдары аумағында қоғамдық тәртіпті сақтау міндеттерін шешу үшін адамдардың бірлескен қызметі

### *Бағыныштылығы және бақылаулылығы*

Жергілікті атқарушы органдарға бағыныштылығы

### *Орталықтан басқару мен оперативтік басқарудың үйлесімділігі*

Орталықтан басқару қызметі бағыттарының жалпы ережелерін анықтайды, ал оперативтік басқаруға субъекті мен объектінің тікелей байланысты болуы

### *Заңнан туындайтындығы*

Заң оның негізгі бағыттарын анықтайды және мақсатқа жетудің басты құралдарын анықтайды

### *Алдын алу*

Құқық бұзушылықтың алдын алу

**ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ (ПОЛИЦИЯ) ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТІНІҢ АРНАЙЫ ҚЫЗМЕТТЕРІ**

– ҚОҒАМДЫҚ ОРЫНДАРДАҒЫ ТӘРТІПТІ САҚТАУ ЖӘНЕ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ.
– ҚЫЛМЫСТЫ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫ ЕСКЕРТУ АЛДЫН АЛУ, АШУ.
– РҰҚСАТ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ
– ТӨЛҚҰЖАТ ЖҮЙЕСІ ЕРЕЖЕСІН САҚТАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ.
– ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫ МЕН АЗАМАТТЫҒЫ ЖОҚ АЗАМАТТАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА БОЛУ ЕРЕЖЕЛЕРІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ.
– АЗАМАТТАРДЫҢ ЖЕКЕ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ.
– ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ.
– МЕНШІКТІҢ БАРЛЫҚ ТҮРЛЕРІН ҚОРҒАУ.
– ҚАМАУҒА АЛЫНҒАНДАРДЫ КҮЗЕТУ, АЙДАП АПАРУ, ҰСТАУ.
– ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ БОЙЫНША ІС ЖҮРГІЗУ.
– ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢДАРЫНДА БЕЛГІЛЕНГЕН БАСҚА ДА ФУНКЦИЯЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ.

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ (ПОЛИЦИЯНЫҢ) БАСШЫЛЫҚҚА АЛАТЫН АКТІЛЕРІ

Басшылыққа алынатын актілер полицияның міндеттерін жоғары деңгейде орындау мақсатында шығарылады. Бұл – заңнан туындайтын біржақты өкімдік шешімдер.

***Ішкі істер министрлігіне бағынатын барлық субъектілердің жалпы және міндетті түрде орындайтын актілері***

Бұйрықтар, ережелер, нұсқаулар, жарғылар, шешімдер, ұйғарымдар

***Азаматтар мен лауазымды адамдардың міндетте түрде орындайтын жеке нормативтік-құқықтық актілері***

Бұйрықтар, ұйғарымдар, шешімдер, қаулылар, өкімдер, жоспарлар

## *17-тақырып. Ішкі істер органдары (полиция) әкімшілік қызметінің тәсілдері*

***Тәсіл*** **—** ішкі істер органдары (полиция) әкімшілік қызметінің міндеттерін орындауға және мақсаттарына жетудің іс жүзіндегі құралы

**СЕНДІРУ**

- Өнегелі және құқықтық тәрбие беру
- Ұйымдастыру-бұқаралық жұмыс
- Жариялылық
- Қоғамдық әсер ету шаралары
- Басқа да шаралар

**МӘЖБҮРЛЕУ**

- әкімшілік ескерту шаралары
- әкімшілік-бұлтартпау шаралары
- әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ету шаралары
- әкімшілік жаза

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ (ПОЛИЦИЯ) ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТІНІҢ ТӘСІЛДЕРІ МЕН МАҚСАТЫНЫҢ ҮЙЛЕСІМІ

***Қызметінің тәсілі*** — субъектінің белсенді түрде объектіге әртүрлі құралдармен әсер етуі.



## СЕНДІРУ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ (ПОЛИЦИЯ) ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ТӘСІЛДЕРІ РЕТІНДЕ

**СЕНДІРУ ШАРАЛАРЫ МЫНАДАЙ ЖАҒДАЙЛАРДА ҚОЛДАНЫЛАДЫ**

***Құқық бұзушылықтың маңызы шамалы және қоғамдық қауіпсіздікке аса қауіптілігі жоқ***

***Құқық бұзушылықтың бірінші рет жасалуы***

***Әкімшілік құқық бұзушылыққа сендірідің тәрбиелік әсер етуінің жеткіліктілігі***

# МӘЖБҮРЛЕУ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ (ПОЛИЦИЯ) ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТІНДЕ

## МӘЖБҮРЛЕУ ЗАҢМЕН БЕЛГІЛЕНГЕН ТӘРТІППЕН ЖӘНЕ ҚАТАҢ РЕТТЕЛЕДІ

**МӘЖБҮРЛЕУ ПОЛИЦИЯНЫҢ ӘКІМШІЛІК ТӘСІЛІ РЕТІНДЕ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ САНАСЫ МЕН МІНЕЗ ҚҰЛІЫНА ПСИХИКАЛЫҚ, МАТЕРИАЛДЫҚ ЖӘНЕ КҮШ КӨРСЕТУ ТҮРІНДЕ БОЛАДЫ**

- ***Психикалық мәжбүрлеу ықпалы***
  - Жеке тұлғаның еркіндігінің қалыптасуын немсес жеке тұлғаға пайдалы емес зардаптардың келуі
- ***Материалдық мәжбүрлеу ықпалы***
  - Жеке тұлғаның мінез-құлқына оның ақшалай (айыппұл) және мүліктері арқылы әсер ету
- ***Күш көрсетумен мәжбүрлеу ықпалы***
  - Жеке тұлғаның бостандық әрекеттеріне нақты шектеулер жасау арқылы

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ҚОЛДАНАТЫН ӘКІМШІЛІК МӘЖБҮРЛЕУДІҢ НЕГІЗГІ СИПАТЫ



# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК МӘЖБҮРЛЕУ ШАРАЛАРЫН САРАЛАУ



## ӘКІМШІЛІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘЖБҮРЛЕУ ШАРАЛАРЫНЫҢ САРАЛАНУЫ

**ӘКІМШІЛІК МӘЖБҮРЛЕУ ШАРАЛАРЫ ӨЗІНІҢ МАҚСАТЫ ТАҒАЙЫНДАЛУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ТӨМЕНДЕГІДЕЙ БОЛЫП БӨЛІНЕДІ**

- ***Әкімшілік ескерту шаралары***
- ***Әкімшілік тыйым салу шаралары***
- ***Әкімшілік жауапкершілік шаралары (әкімшілік жаза)***

Қазақстан Республикасының заңдары әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу өндірісін қамтамасыз етудің процессуальдық шараларын қарастырады (ҚР ӘҚБК 618-бап)

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ҚОЛДАНАТЫН ӘКІМШІЛІК ЕСКЕРТУ ШАРАЛАРЫ

**ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ҚОЛДАНАТЫН ӘКІМШІЛІК ЕСКЕРТУ ШАРАЛАРЫНЫҢ ТҮСІНІГІ МЕН МӘНІ**

Ішкі істер органдары қолданатын әкімшілік құқық шараларының бір түрі бола отырып, ішкі істер органдарының қызметкері құқық бұзушылықтар мен қоғамдық және азаматтардың жеке қауіпсіздігіне қауіп-қатер төндіретін жағдайларды ескерту мақсаттарды қолданады

**ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ ШАРАЛАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ НЕГІЗІ БОЛЫП:**

***Азаматтың құқық бұзушылық жасайтындығы туралы ниетінің***

***тікелей***

***Қоғамға жат, құқыққа қарсы әрекеттердің, адамдардың жеке қауіпсіздігіне***

***қатер төндіретін***

***жағдайлардың болуы саналады***

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ҚОЛДАНАТЫН ӘКІМШІЛІК ШАРАЛАРЫН САРАЛАУ

**1-ТОП**

**АЗАМАТТАРДЫҢ ЖЕКЕ ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІККЕ ҚАУІП-ҚАТЕР ТУДЫРТПАЙТЫН ЖАҒДАЙЛАРДЫ, ТИІМСІЗ ЖӘНЕ ЗИЯНДЫ ЗАРДАПТАРДЫ БОЛДЫРМАУ ШАРАЛАРЫ ЖАТАДЫ**

**БҰЛ ТОПТЫҚ ҚҰРАМЫНА МЫНАЛАР ЖАТАДЫ:**

– адамдардың ішімдік, есірткі немесе жүйкеге әсер ететін заттарды қолданғандығын белгіленген тәртіппен куәландыруға немесе оны жүргізу үшін оларды медициналық мекемелерге жіберу;
– өзге мүмкіндіктер болмағанда меншік нысанына қарамастан көлік құралдарын пайдалану;
– бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды қадағалау;
– азаматтардың тұрғын жқне басқа да жайларына кедергісіз кіру;
– азаматтардың жекелеген учаскелер мен аумақтарға кіруін шектеу немесе оған тыйым салу;
– карантиндік шаралар жүргізілген кезде, сондай-ақ құрамында есірткі бар жабайы өсімдіктер жаппай өсетін, балықтың құнды тұқымдарының уылдырық шашатын жерлеріне, ұлттық және мемлекеттік парктердің, қорықтарда бақылау-өткізу пункттерін орнату және басқалар.

**2-ТОП**

**ТЕРІС ҚОҒАМДЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚПЕН СИПАТТАЛҒАН АДАМДАРҒА, ОЛАРДЫҢ ЖАҢА ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫІТАРДЫ ЖАСАУЛАРЫН БОЛДЫРТПАУ МАҚСАТЫНДА ЕСКЕРТУ ЖАСАУ ҮШІН ҚОЛДАНЫЛАТЫН ШАРАЛАР**

**БҰЛ ШАРАЛАРҒА НАҚТЫ БЕЛГІЛЕНГЕН АЛДЫН АЛУ БАҒЫТТЫЛЫҒЫ ТӘН**

**ОҒАН** → *бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға әкімшілік қадағалау жасау жатады*

Әкімшілік қадағалау кәнігі қылмыстардың алдын алуға ықпал болып табылады, ол заңға сәйкес азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктерін сақтау негізінде іске асырылады және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар тарапынан құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында заңмен белгілі бір шектеу қойылған адамдардың мінез-құлқын байқау түрінде мәжбүрлеудің соңғы шарасы ретінде қолданылады. Қадағалау әкімшілік ескерту шаралары ретінде адамның адамгершілік мәртебесін қорлауды немесе тұратын жері мен жұмыс орнында беделін түсіруді көздемейді.

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ҚОЛДАНАТЫН ӘКІМШІЛІК БҰЛТАРТПАУ ШАРАЛАРЫ

Әкімшілік бұлтартпау шаралары — органның немесе лауазымды адамның құқық бұзушылықты болдыртпау мақсатындағы оперативті әрекеті. Оларды қолдану құқық бұзушылық жасау әрекетін тыюға және заңға қайшы зардаптарды болдыртпауына байланысты психикалық немесе күштеп әсер етумен, ұйымдастырушылық немесе мүліктік шектеу шектеумен байланысты құқық бұзушылық әрекеттерді әрі қарай жасау мүмкіндігінен айырады және міндеттерді орындауға мүмкіншілік жасайды.

**ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ҚОЛДАНАТЫН ӘКІМШІЛІК БҰЛТАРТПАУ ШАРАЛАРЫН ТӨМЕНДЕГІДЕЙ ЕКІ ТҮРГЕ БӨЛУГЕ БОЛАДЫ:**

- **ЖАЛПЫ ТАҒАЙЫНДАЛҒАН**
- **АРНАЙЫ ТАҒАЙЫНДАЛҒАН**

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ҚОЛДАНАТЫН ӘКІМШІЛІК БҰЛТАРТПАУ ШАРАЛАРЫНЫҢ ЖАЛПЫ ТАҒАЙЫНДАЛҒАН ТҮРЛЕРІ

**ЖАЛПЫ ТАҒАЙЫНДАЛҒАН ШАРАЛАРҒА МЫНАЛАР ЖАТАДЫ:**

– ішкі істер органдарының шақыруына дәлелді себептерсіз келуден жалтарған адамдарды мәжбүрлеп алып келу;
– заңдарда көзделген жағдайларда белгілі бір тұрақты орны құжаттары жоқ адамдарды олардың жеке басын куәландыру және кейіннен тиісті органдар мен мекемелерге (көші-қон, медицина, әлеуметтік және өзге де) беру мақсатында прокурордың санкциясы мен 30 тәулікке дейінгі мерзімге ұстауға және қабылдау-бөлу орындарына отырғызу;
– тәртіп бұзушыларды жеткізу;
– әкімшілік ұстау;
– құқық бұзған әскери қызметшілерді ұстауға және оларды қскери комендатураға, әскери бөлімдердің командирлеріне немесе әскери комиссарларға беру;
– техникалық жай-күйі жол қауіпсіздігіне қауіп тұндіретін кұлік құралдарының пайдаланылуына тыйым салу;
– жеке оқшаулау қажет болған 18 жасқа толмаған азаматтарды кәмелетке толмағандарға арналған қабылдау-бөлу орындарына отырғызу;
– ұйымдардың көлік құралдарын пайдалану жол қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайды жойғанға дейін шығуын тоқтату;
– жергілікті атқарушы немесе басқа да өкілетті мемлекеттік орган өкілінің ұйғарымымен жиналысты, митинг, демонстрацияларды, шеруді, пикетті, олардың ұйымдастарушылары аталған шараларды өткізу тәртібі туралы заң талаптарын сақтамаған жағайда тоқтату жөнінде қажетті шаралар қолдану;
– мас адамдарды көлік құралдарын жүргізуге немесе пайдалануға құқық беретін құжаттары жоқ адамдарды, сондай-ақ заңда көзделген басқа да жағдайларда көлік құралын жүргізуден шектету;
– қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиеті мен қоғамды қорлайтындай мас күйде жүрген адамдарды медициналық айықтырғашқа апару;
– көлік құралдарын жүргізу құқығынан айыру;
– заңдарда көзделген негіздер бойынша уақытша сақтау үшін көлік құралдарын ұстауға және арнаулы алаңдарға жеткізу;
лицензия және рұқсат беру жүйесі объектілерінің жұмысын тоқтату.

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ҚОЛДАНАТЫН ӘКІМШІЛІК БҰЛТАРТПАУ ШАРАЛАРЫНЫҢ АРНАЙЫ ТАҒАЙЫНДАЛҒАН ТҮРЛЕРІ

**Әкімшілік бұлтартпау шараларының басқа да шараларға қарағанда қоғамға қауіпті мінез-құлықты тоқтатуға, құқық бұзғанға қолданатын күш көрсету арқылы қсер ету құралы болып саналады**

**ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ**

***Күш көрсетуді***

***Арнайы құралдарды (қол кісендерін, резе»ке таяқтарын, көзден жас ағызатын газдар-ды, жарық және дыбыс арқылы әсер ету құралдарын, тұрғын үйлерге кіру және көлік құралдарын еріксіз тоқтату құралдарын, су атқылағыш, көлік құралдарын, қызметтік иттерді, аттарды және басқалар)***

***Атыс қаруын***

**ҚОЛДАНУҒА ҚҰҚЫЛЫ**

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ҚОЛДАНАТЫН ӘКІМШІЛІК ПРОЦЕССУАЛЬДЫҚ ШАРАЛАРЫ

Әкімшілік процессуальдық қамтамасыз ету шаралары әкімшілік көндіру шараларының бір түрі болғандықтан ішкі істер органдары құқық бұзушылықты әшкерелеу үшін, құқық бұзушының жеке басын анықтау үшін дәлеледемелер табу және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді объективті, жан-жақты және толық карауға жағдай туғызу үшін қолданылады.

Бұл шаралар құқық бұзушы үшін жауаптылықты белгілемейді, материалдарды құқықтық жолмен жүзеге асыруға қажетті жағдай жасайды. Оларды қолдану әсерлілігі әкімшілік жазаларды жүзеге асыру мақсатына қызмет етеді. Кейбір жағдайда әкімшілік-процессуальдық қамтамасыз ету шаралары қылмыстық-құқықтық санкцияны жүзеге асыруға қажетті жағадай жасайды.

Оларды қолдану медициналық сипаттағы көндіру шараларын жүзеге асырумен байланысты (мысалы, денсаулық сақтау мекемелерінің шақыруы бойынша келуден жалтарған, нашақорлық, уытқұмарлық ауруларына шалдыққан немесе иммунитет тапшылығы бар адамдарды ішкі істер органдарына) мәжбүрлеп алып келу.

**ӘКІМШІЛІК-ПРОЦЕССУАЛЬДЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ШАРАЛАРЫ**

- ***Әкімшілік-процессуальдық қамтамасыз ету шаралары***
- ***Дәлелдемелер алуға бағытталған шаралар***
- ***Әкімшілік жазаларды орындаудың процессуальдық шаралары***

Әкімшілік-процессуальдық қамтамасыз ету шаралары құқық бұзушылардың жолын кесуге және оның процессуальдық міндеттерінің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында құқық бұзушылық жасаған адамдардың жүріп-тұру құқығын еріксіз шектеуінде

**БҰЛ ШАРАЛАРҒА МЫНАЛАР ЖАТАДЫ:**

**1) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалатын жерге жеткізу**

**2) жеке адамды әкімшілік түрде ұстау;**

**3) алып келу;**

**4) жеке тексеріп шығу және көлік құралын, шағын көлемді кемені және заттарды тексеріп шығу;**

**5) құжаттар мен заттарды алып қою;**

**6) көлік құралын немесе шағын көлемді кемені жүргізуден шеттету және оның алкогольмен, есірткімен, уытқұмарлықпен масаю күйін куәландыру;**

**7) көлік құралын немесе шағын көлемді кемені ұстау, жеткізу және пайдалануға тыйым салу;**

**8) тексеру;**

**9) жеке адамның алкогольмен, есірткімен немесе уытқұмарлықпен масаю күйін медициналық куәландыру**

## ЗАҢДЫ ТҰЛҒАҒА ҚАТЫСТЫ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ІС ЖҮРГІЗУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ШАРАЛАРЫ

**МЫНАДАЙ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ШАРАЛАРЫ ҚОЛДАНЫЛУЫ МҮМКІН:**

- заңды тұлғаға тиесілі үй-жайларды, аумақтарды, сондағы тауарларды, көлік құралдарын және өзге де мүлікті, сондай-ақ тиісті құжаттарды қарап шығу
- заңды тұлғаға тиесілі құжаттарды алып қою;
- заңды тұлғаға тиесілі тауарларға, көлік құралдарына және өзге де мүлікке тыйым салу

## *18-тақырып. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің атыс қаруын, арнайы құралдар мен күш қолдануының негіздемелері*

**_Қолдану тәртібі_** → заңда белгіленген тәртіппен атыс қаруын, арнайы құралдар мен күш қолдану әрекеттерінің реті

**_Қолдану мақсаты_** → атыс қаруын, арнайы құралдар және күш қоғамға қауіпті әрекеттерге тыйым салу, құқық бұзушылық пен нақты ахуалды біле отырып, оларды жасаған адамдарды ұстау және ішкі істер органдарына жеткізу

**_оларды қолдануға дейін_**

- талаптарды орындауға мүмкіндік туғызатын уақыт бөлу

**_оларды қолдану уақытында_**

- қауіптің дәрежесі мен сипатын
- құқық бұзушының іс-әреке тетінің қауіптілігінің дережесі мен сипаттамасын
- қарсы әрекет көрсету күшін есепке алу керек
- жеңіл дәрежедегі деңгейде залал келтіру

**_оларды қолданғанан кейін_**

- зардап шеккендер болса
  - зардап шеккендерге жедел медициналық көмек көрсету
  - прокурорға дереу қабылдау
  - зардап шеккеннің туысқандарына хабарлау
- зардап шекпегендер болмаса
  - тікелей бастығына баяндауға міндетті

# АТЫС ҚАРУЫН ҚОЛДАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ШЕКТЕУЛЕР

**ӘЙЕЛДЕРГЕ ЖӘНЕ КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРҒА ҚАРСЫ, ОЛАР, ЕГЕР**

қарулы шабуыл жасаған, қарулы қарсылық көрсеткен, кепілге адам алған, көлік құралдарын, оның ішінде әуе кемесін басып алған не топтасып шабуыл жасаған реттерді қоспағанда

азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмаған жағдайда

**ҚАРУ ҚОЛДАНУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ**

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ АТЫС ҚАРУЫН ҚОЛДАНУ НЕГІЗДЕМЕЛЕРІ

**ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ АТЫС ҚАРУЫН МЫНА ЖАҒДАЙЛАРДА ҚОЛДАНА АЛАДЫ:**

– азаматтарды қылмыстық қол сұғудан қорғау, сол сияқты кепілдерді босату үшін;
– қарсылық көрсеткен немесе қылмыс үстінде көзге түскен, қамаудан қашқан адамдарды (әкімшілік қамауға алынғандардан басқа) ұстау, қарулы адамдарды ұстау үшін;
– ішкі істер органдарының қызметкерлеріне және олардың отбасы мүшелеріне, қоғамдық тәртіпті қорғауға, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қылмысқа қарсы күрес жөніндегі қоғамдық немесе қоғамдық борышын өтеп жүрген басқа да адамдарға жасалған шабуылды тойтару үшін;
– егер жүргізуші ішкі істер органдары қызметкерлерінің заңды талаптарына бағынбаса және азаматтардың өмірі мен денсаулығына қатер төндірсе көлік құралындарына ақау келтіру жолымен тоқтату үшін;
– азаматтардың тұрғын жайларына, ішкі істер органдары күзететін объектілерге, мемлекеттік ұйымдардың үй-жайларына жасалған шабуылды тойтару, қызметтік немесе әскери нарядқа жасалған шабуылды тойтару үшін;
– хайуанаттар шабуылынан қорғану үшін;
– дабыл белгісін беру немесе көмек шақыру үшін.

# АРНАЙЫ ҚҰРАЛДАР ҚОЛДАНУҒА НЕГІЗДЕМЕЛЕР

## МАҚСАТЫ

- тойтарыс беру
- жаппай тәртіпсіздіктер мен қоғамдық тәртіпті топтасып бұзуды тыю үшін тыйым салу
- ұстау
- айдап апару және күзету

## ЖАҒДАЙЫ

- азаматтарға, ішкі істер органдары қызметкерлері мен қоғамдық тәртіпті қорғау мен қамтамасыз ету және қылмысқа қарсы күрес жөніндегі қызметін немесе қоғамдық борышын атқарып жүрген басқа да адамдарға жасаған шабуыл айқын болуы керек
- азаматтарға, ішкі істер органдары қызметкерлері мен қоғамдық тәртіпті қорғау мен қамтамасыз ету және қылмысқа қарсы күрес жөніндегі қызметін немесе қоғамдық борышын атқарып жүрген басқа да адамдарға бағынбаса немесе қарсылық көрсетсе
- ішкі істер органдарына жеткізу үшін, айналасындағыларға не өзіне зиян келтіруі мүмкін деп санауға толық негіздер болса, азаматтарға, ұйымдарға және мемлекеттік органдарға қарасты үй-жайларға, ғимараттарға, көлік құралдарына, жер учаскелеріне жасалған шабуылды тойтару үшін
- ұсталған, әкімшілік қамауға алынған адамдарды немесе қамауға алынғандардың ниеті қашып кетуге, өзіне немесе айналасындағыларға зиян келтіру мүмкін болғанда

# АРНАЙЫ ҚҰРАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ШЕКТЕУЛЕР

**РЕЗЕҢКЕ ТАЯҚПЕН**

Бастан, мойыннан, жыныс мүшелерінен ұруға тыйым салынады

**КӨЗДЕН ЖАС АҒЫЗАТЫН ЗАТТАРДЫ**

Бірден көздеп атуға,
бір атқаннан кейін екінші атуға

**ҚОЛ КІСЕНДЕРІН**

ұсталғанның қолындағы кісен құлпының бекітілуін тексеру

**ӘЙЕЛДЕРГЕ, МҮГЕДЕКТЕРГЕ, ЖАС БАЛАЛАРҒА**

***Айналасындағылардың өмірі мен денсаулығына қауіп-қатер төндіретін шабуыл жасаған, топтасып шабуыл жасаған немесе қарсылық көрсеткен жағдайдан басқада***

қолдануға тыйым салынады

# ҚОҒАМҒА ҚАУІПТІ ІС-ӘРЕКЕТТЕРДІ ТОҚТАТУ, ОЛАРДЫ ЖАСАҒАН АДАМДАРДЫ ҰСТАУ ЖӘНЕ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНА ЖЕТКІЗУ МАҚСАТЫНДА ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҚОЛДАНАТЫН АРНАЙЫ ЖӘНЕ КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ[1]




[1] «Қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді тоқтату, оларды жасаған адамдарды ұстау және ішкі істер органдарына жеткізу мақсатында ішкі істер органдарының қызметкерлері қолданатын арнайы және көлік құралдарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 30 қазан № 1375.


АРНАЙЫ ҚҰРАЛДАР
Көзден жас ағызатын заттар - гранаталар, патрондар, аэрозольды баллондар ("Черемуха", "Сирень", "Волна" және т.б.), аэрозольды кешен ("Жасмин" және т.б.).
Жарық-дыбыс құрылғылары ("Заря", "Пламя" және т.б.)
Түтін шығаратын құрылғылар - түтіндеткіш қол гранаталары ("Факел" және т.б.), бейтарап түтінді шашкалар
Көлік құралдарын мәжбүрлеп тоқтатуға арналған құралдар ("ЕЖ" және т.б.)
Механикалық әрекеттерден қорғануға арналған бұйымдар - каскалар, қорғанудың 1-4 деңгейіндегі қорғану жилеттері, барлық түрлендірудегі соққыға қарсы қалқандар


АРНАЙЫ КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫ
Кезекші бөлімдердің автомобильдері
Күзет бөлімшелерінің ұстап алу топтарының автомобильдері
Патрульдік (патрульдік полиция мен жол полициясының) автомобильдер
Ішкі істер органдарының жеке құрамын тасымалдау үшін жабдықталған автомобильдер
Қызметтік иттері бар полиция нарядтарын тасымалдауға арналған автомобильдер
Штаб автомобильдері, жылжымалы байланыс торапта-ры - автомобильдер
Жаппай тәртіпсіздік орындарына ішкі істер органдарының жеке құрамын тасымалдауға арналған бронетранспортерлар
Суатқылармен жабдықталған өрт сөндіруші және арнайы автомобильдер

# КҮШ ЖҰМСАУДЫ ҚОЛДАНУҒА НЕГІЗДЕМЕЛЕР

Бұл дегеніміз – заң бойынша белгіленген жауынгерлік ұрыс тәсілдері мен ұстау үшін күш жұмсауға құқық беретін фактілер жиынтығы.

**МАҚСАТЫ**

***Қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылыққа тыйым салу, оларды жасаған адамдарды ұстау***

**ЖАҒДАЙЫ**

***Ішкі істер органдарына жүктелген міндеттерді қамтамасыз етуге берілген құқықтық негіз***

## *19-тақырып. Ішкі істер органдарының әкімшілік қадағалауы*

***Ішкі істер органдарының әкімшілік қадағалауы*** — күнделікті қарау, лауазым иелері мен азаматтардың қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті реттейтін ережелерді дұрыс және бұлжытпай орындауын, осы ережелердің бұзылуының алдын алу, құқық бұзушылықтарды анықтау және жауапкершілікке тарту немесе басқа да әсер ету шараларын қолдану

**ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ӘКІМШІЛІК ҚАДАҒАЛАУЫНЫҢ ФАКТОРЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ:**

- ***Мемлекеттік-өкімдік*** → ішкі істер органдарының қызметкерлері қоғамдық тертіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді іске асыру кезінде әртүрлі єкімшілік мєжбүрлеу шараларын қолданады және өздерінің өкілеттігі шеңберінде орындауға міндетті талаптар мен нұсқаулар береді
- ***Алдын алу бағыттылығы*** → ішкї істер органдарының қызметкерлері қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді іске асыру кезінде қылмыс пен басқа да құқық бұзушылықтың жасалауына мүмкіндік беретін жағдайларын табу және болдырмау үшін шаралар қолдану
- ***ұйымдастыру бағыттылығы*** → құқықтар мен заңды мүдделердің қол сұғушылықтан келген зияндарын орнына келтіру

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ӘКІМШІЛІК ҚАДАҒАЛАУЫНЫҢ МАҚСАТЫ, ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ САТЫЛАРЫ

**ҚАДАҒАЛАУ МАҚСАТЫ**

қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді реттейтін нормативтік актілерді жүзеге асыру

**ҚАДАҒАЛАУ ӘДІСІ**

қоғамдық орындарда азаматтардың және лауазым иелерінің белгіленген ережелерді сақтауын қарау

ішкі істер органдарының карауына жатқызылған ережелерді органдар, ұйымдардың, азаматтардың және лауазым иелерінің күнделікті орындалуын бақылау

Шағымдар, өтініштер және басқа да құқық бұзушылықтарды тексеру кезінде

**ҚАДАҒАЛАУ САТЫЛАРЫ**

Бақылау

құқық бұзушылықты табу

Кінәлілердің жауапқа тартылуын қамтамасыз ету

әкімшілік жаза тағайындау

## ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ӘКІМШІЛІК ҚАДАҒАЛАУЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ

1. Ішкі істер органдарының ұйымдастыру немесе басқа да бағынуында болмайтын адамдардың (жеке және заңды тұлға) белгісіз топтарына қатысты жүзеге асырылады (Мысалы, полиция нарядтарының қоғамдық тәртіптің бұқаралық шараларын жүзеге асыру кезіндегі қызметі)

2. Белгілі субъектілер тобына немесе белгілі бір мәселелерді реттеуге арналады (Мысалы, жеке тұлғалар мен лауазым иелерінің рұқсат беру жүйесі ережелерін сақтауы)

3. Белгілі бір адамдарға, яғни бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға әкімшілік қадағалау жүргізу

# ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ САҚТАУ МЕН ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ҚАДАҒАЛАУ ТҮРЛЕРІ[1]

**Мемлекеттік бақылау** — жеке кәсіпкерлік субъектілерінің Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауын мемлекеттік органдардың өздерінің құзыреті шегінде бақылауы жөніндегі қызметі

1) жол қозғалысы қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуін бақылау;

2) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, азаматтық пиротехникалық заттар мен оларды қолданып жасалған бұйымдардың айналымы саласында жұмыспен қамтылған жеке және заңды тұлғалардың қызметін бақылау;

3) түрлі-түсті бейнелі көбейткіш-көшіргіш техниканың, сондай-ақ штемпельді-гравюралық кәсіпорындардың қызметін бақылау;

4) жарылғыш және улы заттарды, радиоактивті материалдар мен заттарды қолдану мен олардың жұмыс істеуінің белгіленген ережелерінің сақталуын бақылау;

5) өз құзыреті шегінде шетелдік жұмыс күшін тарту ережелерінің сақталуын бақылау;

6) күзет қызметін, сондай-ақ күзет дабылы құралдарын монтаждауды, жолға қоюды және оларға техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын субъектілердің қызметін бақылау;

7) есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымын бақылау;

8) көлік құралдарының иелері мен тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру саласындағы бақылау.

[1] Қазақстан Республикасының «Жеке кәсіпкерлік туралы» 2006 жылғы 31 қаңтардағы № 124-III Заңына ҚОСЫМША.

# БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ ОРЫНДАРЫНАН БОСАТЫЛҒАН АДАМДАРДЫ ӘКІМШІЛІК ҚАДАҒАЛАУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ІС ЖҮРГІЗУ

**БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ ОРЫНДАРЫНАН БОСАТЫЛҒАН АДАМДАРДЫ ӘКІМШІЛІК ҚАДАҒАЛАУ**

***Әкімшілік қадағалау кәнігі қылмыстың алдын алу нысаны болып табылады***

***Заңдылықты, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктерін сақтау негізінде іске асырылады***

***Бас бостандықынан айыру орындарынан босатылған адамдар тарапынан құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында заңдармен белгілі шектеулер қойылған осындай адамдардың мінез-құлқын бақылаудың мәжбүрлеу шарасы ретінде судьяның қаулысы негізінде ішкі істер органдары жүзеге асырады***

## ӘКІМШІЛІК ҚАДАҒАЛУ ЖАСАЛАТЫН АДАМДАР

**ӘКІМШІЛІК ҚАДАҒАЛАУ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ “БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ ОРЫНДАРЫНАН БОСАТЫЛҒАН АДАМДАРДЫ ӘКІМШІЛІК ҚАДАҒАЛУ ТУРАЛЫ” ЗАҢЫНЫҢ 2-БАБЫНА СӘЙКЕС МЫНА АДАМДАРҒА ОРНАТЫЛАДЫ:**

**а) аса қауіпті түр-де қайталанып жасалған қылмыстар үшін, сондай-ақ экстремизмнің белгілері бар қылмыстар үшін;**

**б) егер жазаны өтеу кезінде олардың мінез-құлқы түзелу жолына мүлдем түскісі келмейтінін және қоғам үшін қауіпті күйінде қалып отырғанын дәлелдесе, ауыр және аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін немесе қасақана қылмыстар жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға екі немесе одан да көп мәрте сотты болған;**

**в) егер жазаны өтегеннен кейін ішкі істер органдарының ескертулеріне қарамастан қоғамдық тәртіпті және басқа азаматтардың құқықтарын үнемі бұзатын болса, өзге де құқық бұзушылықтар жасаса, ауыр және аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін немесе қасақана қылмыстар жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға екі немесе одан да көп мәрте сотты болған жазасын өтеген адамдарға орнатылады.**

# ӘКІМШІЛІК ҚАДАҒАЛАУ ОРНАТУДЫҢ НЕГІЗДЕМЕЛЕРІ

**ӘКІМШІЛІК ҚАДАҒАЛУ ОРНАТУДЫҢ НЕГІЗДЕМЕЛЕРІ БОЛЫП МЫНАЛАР САНАЛАДЫ:**

***Жоғарыда аталаған “а” тармағында аталған заң күшіне енген сот үкімі***

***«б» тармағында аталған адамдарға қатысты ішкі істер органдарының материалдары негіздеме болып табылады***

***Әкімшілік қадағалау орнату мерзімі мен орны “а” және “б” тармақтарынында аталған адамдарға түзету мекемесінен босатылған кезде, “в” тармағында аталған адамдарға түзету мекемесінен босатылған сәттен бастап үш жыл бойы тұрғылықты жері бойынша орнатылады***

Әкімшілік қадағалау алты айдан бір жылға дейінгі мерзімге белгіленеді.

Қадағалауға алынған адамның әкімшілік қадағалау ережелерін немесе өзіне жарияланған шектеулерді бұзған жағдайларда ішкі істер органдарыының дәлелді ұсынысы бойынша судьяның қаулысымен қадағалау мерзімі әр жолы алты айға ұзартылуы мүмкін, бірақ ол екі жылдан аспауы тиіс.

# ӘКІМШІЛІК ҚАДАҒАЛАУДЫ ОРНАТУ ТӘРТІБІ

"А" және "Б" тармақтарында аталған адамдарға қатысты еңбекпен түзету мекемесі бастығының ұсынысы бойынша еңбекпен түзету мекемесі орналасқан жердегі

"В" тармағында аталған адамдарға ішкі істер органы бастығының ұсынуы бойынша бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамның тұрғылықты жеріндегі

***аудандық (қалалық) соттың судьясы жеке өзі белгілейді***

ұсыныспен бірге сотқа үкімнің көшірмесі және тиісті адамға әкімшілік қадағалау орнату қажеттігін дәлелдейтін материалдар жіберіледі. Сот мәжілісінде өзіне қатысты әкімшілік қадағалау орнату туралы ұсыныс енгізген адам, ал өтініші бойынша қорғаушы, сондай-ақ бастығы ұсыныс енгізген органның өкілі шақырылады

Мәселені қарау ұсыныстың және сонымен бірге келіп түскен материалдардың мазмұны туралы баяндаудан басталады, содан соң сот мәжілісіне келген адамдардың түсініктемелері тыңдалады. Іс қаралып болғаннан кейін судья шешім қабылдау үшін кеңесу бөлмесіне шығады, содан соң мәжіліс залына қайта оралып, қаулыны жария етеді

***Судьяның қаулысы өзіне қатысты әкімшілік қадағалау орнатылған адамның тұрғылықты***

Жергілікті аудандық (қалалық) ІІБ (басқармасының) бастығына жіберіледі

Ал "А" және "Б" тармақтарында аталған адамдарға қатысты еңбекпен түзету мекемесі бастығына орындау үшін жіберіледі

# ҚАДАҒАЛАУҒА АЛЫНҒАН АДАМДАРҒА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ШЕКТЕУЛЕР

**ӘКІМШІЛІК ҚАДАҒАЛАУ ОРНАТЫЛҒАН АДАМДАРҒА ҚАТЫСТЫ ТҰРМЫС САЛТЫНА, ОТБАСЫНДАҒЫ ЖӘНЕ ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ЖЕРІНДЕГІ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНА, ҚАДАҒАЛАУҒА АЛЫНҒАН АДАМНЫҢ ЖЕКЕ БАСЫН СИПАТТАЙТЫН БАСҚА ДА ЖАҒДАЙЛАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ МЫНАДАЙ ШЕКТЕУЛЕР ТОЛЫҚ КӨЛЕМІНДЕ НЕМЕСЕ ЖЕКЕ-ЖЕКЕ ҚОЛДАНЫЛУЫ МҮМКІН:**

***а) ішкі істер органдары белгіленген уақытта тұрғын үйінен кетуге тыйым салу***

***б) ішкі істер органдары белгілеген аудан (қала) мекендерінде болуға сондай-ақ қадағалауды жүзеге асырушы ішкі істер органына хабарламай аудан (қала) шегінен***

***в) жергілікті ішкі істер органыны тіркелу үшін айына бір реттен төрт ретке дейін міндетті***

**Шектеулердің тізімі толық болып саналады және кеңінен талқылауға болмайды**

# ӘКІМШІЛІК ҚАДАҒАЛАУДА ЖҮРГЕН АДАМДАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

.

**ӘКІМШІЛІК ҚАДАҒАЛАУДА ЖҮРГЕН АДАМДАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ МЫНАЛАР БОЛЫП САНАЛАДЫ:**

***а) өзіне қатысты белгіленген шектеулерді сақтауға***

***б) шақыру бойынша ішкі істер органдарына көрсетіл-ген мерзімде келуге, әкімшілік қадағалау ереже-лерін орындауға байланысты мәселелер бойынша ауызша және жазбаша түсінік-темелер беруге***

***в) әкімшілік қада[1]алауды жүзеге асырушы ішкі істер органының қызмет-керлерін жұмыс орны мен тұрғылықты жері өзгер-гені туралы, сондай-ақ қызмет бабындағы және жеке істері бойынша ау-дан (қала) шегінен тысқары кететіні тура-лы бір тәулік ішінде ха-бардар етуге***

***г) ішкі істер органының рұқсатымен басқа елді мекенге барып, онда бір тәуліктен артық болған кезде өзінің мінез-құлқын бағылауды жүзеге асыру үшін жергілікті ішкі істер органына тіркелу-ге міндетті***

Қадағалаушының міндеттері мен оған қолданылатын шектеулер әкімшілік қадағалаудың ережесін құрайды

Әкімшілік қадағалаудың ережелерін бұзу, әкімшілік құқық бұзушылық болып табылады және ҚР ӘҚБТ кодекстің 366-бабы бойынша әкімшілік жауаптылыққа, ал бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдардың сот белгілеген әкімшілік қадағалау ережелерін қасақана бұзуы, сол сияқты қадағалаудағы адамның тұрғылықты жерінен өз бетімен кетіп қалуы немесе бас бостандығынан айыру орындарынан босағаннан кейін таңдап алған тұрғылықты жеріне әкімшілік қадағалаудан жалтару мақсатымен белгіленген мерзімде бармауы үшін ҚК 362-бабы бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылады

# ӘКІМШІЛІК ҚАДАҒАЛАУДЫ ТОҚТАТУ НЕГІЗДЕРІ

**ӘКІМШІЛІК ҚАДАҒАЛАУ:**

а) егер әкімшілік қадағалау орнатылған мерзімді ұзарту үшін негіздемелер болмаса, сол мерзім өткен соң;

б) егер қадағалауға алынған адамның түзелу жолына бүтіндей бет бұрғаны анықталса, тұрғылықты жері немесе қызметі бойынша жақсы мінездеме берілсе, мерзімінен бұрын;

в) қадағалауға алынған адамның соттылығы өтілген немесе алынып тасталған жағдайда;

г) қадағалауға алынған адамның арнаулы емдеу-алдын алу мекемесінде еріксіз емделуге;

д) қадағалауға алынған адамның бас бостандығынан айыруға сотталуына байланысты;

е) қадағалауға алынған адамның қайтыс болуына байланысты тоқтатылады.

# ӘКІМШІЛІК ҚАДАҒАЛАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУШЫ АДАМДАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

**ӘКІМШІЛІК ҚАДАҒАЛАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУШЫ ЛАУАЗЫМДЫ АДАМДАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ МЫНАЛАР БОЛЫП САНАЛАДЫ:**

а)қадағалауға алынған адамдардың тұрғылықты жері мен жұмыс орнындағы мінез-құлқын жүйелі түрде байқауға

б) қадағалауға алынған адамның қоғамдық тәртіпті, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзушылығының алдын алуға және оны болғызбауға

в) әкімшілік қадағалау ережелерін бұзушылық туралы белгіленген тәртіппен хаттамалар жасауға және оларды қарау үшін сотқа жіберуге міндетті.

# ӘКІМШІЛІК ҚАДАҒАЛАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУШЫ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

**ӘКІМШІЛІК ҚАДАҒАЛАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУШЫ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫЛАРЫ БОЛЫП МЫНАЛАР ТАБЫЛАДЫ:**

а) қадағалауға алынған адамның жұмыс орны мен тұрғылықты жері бойынша, меншік нысандарына қарамастан, ұйымдардың әкімшілігінен, сондай-ақ азаматтардан оның мінез-құлқы туралы мәліметтер сұратуға және алуға;

б) қадағалауға алынған адамды ішкі істер органына әңгімелесуге шақыруға, әңгімелесуді оның туған-туыстары келісім берген жағдайда солардың қатысуымен өткізуге;

в) әкімшілік қадағалау ережелерін орындауға байланысты мәселелер бойынша қадағалауға алынған адамнан ауызша және жазбаша түсініктемелер талап етуге;

г) қадағалауға алынған адамның мінез-құлқын және белгіленген шектеулерді сақтауын байқау мақсатында оның үй-жайына тәуліктің кез келген уақытында баруға құқығы бар.

## *20-тақырып. Ішкі істер органдары әкімшілік-юрисдикциялық қызметінің түсінігі және негізгі ерекшеліктері*

**ӘКІМШІЛІКК ЮРИСДИКЦИЯ ТҮСІНІГІ**

***Әкімішілік юрисдикция – бұл атқарушы өкімді органдардың, ішкі істер органдарының заңнан туындайтын, құқық қолданатын, құқық қорғайтын қызметі***

**ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК ЮРИСДИКЦИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

***оны жүзеге асырудағы негізгі әкімшілік әрекет***

***ол заңмен белгіленген процессуальдық нысандарда жүзеге асырылады***

***оның қорытындысы юрисдикциялық акт шығару болып саналады***

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК-ЮРИСДИКЦИЯЛЫҚ ФУНКЦИЯЛАРЫ

**ҚОРҒАУШЫ**

нақты құқық бұзушылық жасағаны үшін єкімшілік құқық нормаларында көзделген санкцияларды қолдану

**ТӘРБИЕЛЕУШІ**

єкімшілік жаса жауаптылық шарасы болып табылады және єкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамдарды заңдарды сақтау, тұрмыс ережелерін құреттеу рухында тәрбиелеу, сондай-ақ құқық бұзушының да, басқа адамдардың да жаңа құқық бұзушылық жасауының алдын алу мақсатында қолданылады

**РЕТТЕУШІ**

ішкі істер органдар қорғайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықлық құрал

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ӘКІМШІЛІК-ЮРИСДИКЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ПРИНЦИПТЕРІ

- **ЗАҢДЫЛЫҚ**
- **ІСТІҢ ҚАРАЛУЫНЫҢ ОРЫНДЫЛЫҒЫ МЕН ТИІМДІЛІГІ**
- **ЖАРИЯЛЫЛЫҚ**
- **ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЖЕКЕ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУЫ ЖӘНЕ ПАЙДА БОЛҒАН ҚОРЫТЫНДЫҒА ЖЕКЕ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**
- **КІНӘСІЗДІК ПРЕЗУМЦИЯСЫ**
- **ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТЫЛУШЫҒА ҚОРҒАНУ ҚҰҚЫСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**
- **ОБЪЕКТИВТІ ШЫНДЫҚ**
- **ЖАЗАНЫ ЖЕКЕЛЕУ**
- **ІСТІҢ ҰЛТТЫҚ ТІЛДЕ ЖҮРГІЗІЛУІ**
- **ІС БОЙЫНША ҚАБЫЛДАНҒАН ҚАУЛЫНЫҢ НАҚТЫ ОРЫНДАЛУЫ**
- **ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ**
- **ІЗГІЛІК**

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ӘКІМШІЛІК-ЮРИСДИКЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



# ӘКІМШІЛІК ТЕРІС ҚЫЛЫҚТАР БОЙЫНША ІСТЕР ӨНДІРІСІНІҢ САТЫЛАРЫ

**ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК-ЮРИСДИКЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Алғашқы процессуальдық әрекет | іс бойынша әкімшілік тексеру | істі қарау | іс бойынша қаулы шығару | іс жөніндегі қаулыға шағым беру | іс бойынша қаулыны орындау |

## *21-тақырып. Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінде заңдылықты қамтамасыз ету*

**ЗАҢДЫЛЫҚ**

***Ішкі істер органдары қызметінің маңызды принципі осы органның құқық қорғау қызметінде және заңдар мен заңнан туындайтын нормативтік актілерді қатаң және бұлжытпай орындау негізінде жүзеге асырылады***

***Құқықтық заңдардың ұйғарымдарын қатаң, толық және онда негізделген заңдылық актілерді барлық құқық субъектілерін жүзеге асыруы***

Құқықтық ұйғарымдарды сақтаудың жалпылығын қамтамасыз ету – мемлекеттің және оның органдарының міндеті. Заңдылықты жүргізу мен сақтай білу үшін, мемлекет өзінің биліктік функцияларын, тек күші бар заңдардың негізінде және шеңберінде жүзеге асыруы қажет. Ол өзінің органдары мен лауазымды адамдардың және азаматтардың қандайда болмасын құқық бұзушылықтарына тыйым салуы керек.

Ішкі істер органдары азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғамдық тәртіпті қорғау және тәртіпті қамтамасыз ету, азаматтар мен лауазымды адамдардың қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздік ережелерін сақтауларын қадағалауды жүзеге асыру, құқық бұзушылықтың алдын алу және жолын кесу, заңға қайшы әрекеттерді жасағандарды жауапкершілікке тарту және араларында заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтады.

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТІНДЕ ЗАҢДЫЛЫҚТЫ САҚТАУДЫҢ МАҢЫЗЫ

**ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ:**

***Құқық бұзушылықтың алдын алу мен жолын кесу міндет-терін жүзеге асырады***

***Ішкі істер органдары азаматтардың өмірі, денсаулығы, құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттің және қоғамның мүдделерін қылмыстық басқа да құқыққа қайшы қол сұғушылықтан қорғау кезінде кең көлемде құқықтық мүжбүрлеу шараларын қолданады***

***Осыған байланысты***

Қандай да болмасын заңдылықты бұзушылыққа жол беру, азаматтардың құқықтары мен бос-тандықтарына, тұрғын үйіне қол сұғушылық, жазысқан хаттарынң, телефон арқылы сөйлескен сөздерін, пошта, телеграф арқылы және басқа да жолдармен алысқан хабарларының құпиялығын сақтамау, конституциялық принциптерді бұзуы болып саналады.

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ЗАҢДЫЛЫҚТЫҢ ПРИНЦИПТЕРІ ЖӘНЕ ТАЛАПТАРЫ

**ЗАҢДЫЛЫҚ ПРИНЦИПІ**

***Бұл заңдылықтың мазмұнын көрсететін негізгі идеялар, ережелер, ал талаптар, заңдылықтың талап етуі, яғни әкімшілік құқық процесінде құқықтық ұйғарымдырды сақтау және орындау кезіндегі ішкі істер органдары қызметкерінің мінез-құлқын (әректін) заңды екенін білдіреді***

***Заңдылық принциптеріне мыналар жатады:***

- заңның жоғарылығы
- заңдылықтың бірлігі
- заңдылық пен мақсат қажеттілігін қарама-қайшылығын болдырмау
- заңдылықтың нақтылығы

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТІНДЕ ЗАҢДЫЛЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ӘДІСТЕРІ



# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТІНЕ СЫРТҚЫ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ



## ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТІНЕ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТКЕ БАҚЫЛАУЛЫ ҚЫЗМЕТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ОРГАНДАР




